

2 Үлкен жүректі адамдар барда...

4 Тіршіліктің көзі, берекенің өзі

5 Жалағаштық партизан қыз

8 Дауысы малды ауылдың құлағымда



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№60-61
(19936-19937)



25 сәуір, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



ОБЛЫС ӘКІМІ ГҮЛШАРА ӘБДИҚАЛЫҚОВАНЫҢ РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қымбатты жерлестер!

Барша мұсылман қауымы асыға күтетін он екі айдың сұлтаны, берекелі де кешірімі мол қасиетті Рамазан айының басталуымен шын жүректен құттықтаймын, ниеттеріңіз қабыл болсын!

Рамазан – сабыр мен төзім, береке мен бірлік, мейірім мен шапағат айы, отыз күн ораза тұтып, соған шүкіршілік ететін шуағы мол мереке. Адамдарды бауырмалдыққа, кешірімді болу мен төзімділікке тәрбиелейді. Азаматтарымызды қайырымды іс жасауға, мұқтаж жандарға қол үшін беруге ниеттейді.

Өкінішке қарай, биылғы Рамазан мерекесі елімізде коронавирус індетінің таралуына байланысты жарияланған Төтенше жағдай кезеңіне сәйкес келіп отыр. Қатерлі індет біздің өңірді де айналып өтпеді.

Қазіргі таңда халқымыз сын сағаттарды бастан кешуде. Бауырмалдығы мен қонақжайлығы, дархан көңілі мен жомарт жүректігі күнделікті өмірінің мәңгі маңызына айналған азаматтарымызға бұл жағдайдың оңай соқпай отырғаны анық. Алайда, Сыр жұртшылығы талай сұрлеулі соқпақты да сұрапыл кезеңді бастан өткеріп, даналығымен, сабырлығымен, төзімділігімен жеңген. Бұл сынақты да бірге еңсеріп, жеңіп шығамыз деп сенемін!

Сондықтан, Сіздерді қауіпсіздік шараларын толық орындап, сақтап, қасиетті Рамазан айындағы құлшылықты, ауызашарды отбасында өткізуге шақырамын.

Бұл ай – рухымызды көтеріп, тазалық пен имандылыққа шақыратын кезең.

Бұған дейін істеген істерімізді таразылап, қанағат пен сабырдың, ынсаптың мәні-маңызын сезіндіріп, қадірлеуге үйретеді.

Иманға ұйыған халқымыз жетім көрсе жебеген, әлсізге әл-қуат беріп, демеген жанды «жомарт» атап, ерекше қадірлеген, төріне оздырған.

Осы айда бір-бірімізге деген жүрек жылуымыз, мейіріміміз азаймасын, бақ-берекеміз ортаймасын, қайырымды істеріміз көп болсын!

Адамзатты жақсылыққа тәрбиелейтін Рамазан айында індетті бірге жеңіп, Сыр елі өркендей берсін!

Ел игілігі үшін қызмет етіп, індетпен күресіп, сауабы мол істер атқарып, алдыңғы шепте жүрген медицина, полиция және әскери қызметкерлерге, жомарт жүректі кәсіпкер азаматтарға Сыр жұртшылығы атынан алғыс айтым келеді.

Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, іргесі берік болсын. Тұтқан оразаларыңызды, еткен ғибадаттарыңызды, тілеген тілектеріңізді қабыл етсін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем, бауырымыз бүтін болсын!

Рамазан айы қабыл болсын!

ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІ

«ӘЛЕМ БҰРЫНҒЫДАЙ БОЛМАЙДЫ»

Кеше ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Бейнеконференция режимінде өткен отырыста коронавирус эпидемиясымен күрестің, экономиканы қалпына келтіру мен мемлекеттің дағдарыстан кейінгі дамуының стратегиялық мәселелері қаралды. Елбасы жаһандық сын-қатер айналасындағы жағдай өте күрделі екенін жеткізді.

– Коронавирус салдары әлемдік экономиканың өмірлік маңызды жүйелеріне ықпал етеді. Халықаралық валюта қорының сарапшылары бұл жағдайды Ұлы дағдарыспен салыстырып, «Ұлы карантин» деп атады. Олардың мәліметінше, 170 елде жан басына шаққандағы табыс қысқарады. Бәрінен бұрын әлсіз

экономикалар зардап шегеді. Бұл тоқсанда сарапшылар пандемия мен экономикалық дағдарыстың бір уақытта шарықтайтынын болжады. Бұл – Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі өнеркәсіптік өндірістің ең төменгі құлдырауы болады, – деді Тұңғыш Президент.

Сонымен бірге, Нұрсұлтан

Назарбаев жақында әлем елдерінің қиын сынақтарға тап болатынын, Қазақстан да бұл мәселелерден шет қалмайтынын атап өтті. «20 сәуір күні тарихта алғаш рет мұнай бағасы кері кетті. Әлемдік нарықта теңгерім жоғалды. Пандемия мен өндірістік құлдыраудан кейін жаһандық қаржылық дағдарыс болады деп болжанған. Келесі кезең – әлемдік азық-түлік дағдарысы болуы мүмкін. Бұл бірқатар шиеленіс пен қарабалас туғызады» деді Елбасы.

Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы қиын кезеңді еңсеру үшін Қазақстанның қазір жасап жатқан шараларының шешуші маңызға

ие болатынын баса айтты.

«Мемлекет басшысы мен Премьер-Министр дағдарысқа қарсы барлық қажетті шараларды қабылдады. Елімізде төтенше жағдай енгізіліп, карантин режімі күшіне енді. Еліміздің барлық азаматтарын төтенше жағдай талаптарын сақтауға шақырамын. Біздің тарихымызда бірнеше дағдарыс болды. Бірақ, қазіргінің жөні бөлек. Әрбір қазақстандық мемлекеттік қолдауды сезінуі үшін бәрін жасаймыз. Сонымен бірге, қазір болашаққа қарауымыз керек. Әлем енді бұрынғыдай болмайды» деді Нұрсұлтан Назарбаев.

ҚАБЫЛДАУ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ауыр атлетикадан төрт дүркін әлем чемпионы Илья Ильинді қабылдады.

Өңір басшысы әйгілі спортшының жетістіктерін жоғары бағалап, әрдайым сырбойлықтардың мақтанышы екенін атап өтті. Қазіргідей карантин жағдайында зілтеміршінің жастарға мол үлгі-өнеге көрсете алатынын жеткізді. Мысал ретінде, онлайн жаттығулар жасап, жастардың спортқа деген ынта-жігерін арттыруға болатынын айтты.



ӘЙГІЛІ СПОРТШЫМЕН КЕЗДЕСТІ

“Сыр елінен өзіңіздей спортшылардың шыққанымен қашан да мақтанамыз. Жас спортшылар үшін үлгі тұтар тұлғасыз. Аймаққа сіздің қолдауыңыз қажет. Ізіңізден еріп келе жатқан жастарға шеберлік пен білім-біліктілігіңізді үйретесіз деп сенемін. Қазір коронавирус пандемиясы бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Қатерлі індетті жеңіп шыққан соң, аймақ дамуы үшін бірлесіп жұмыс жасауымыз керек”, – деді аймақ басшысы.

И.Ильин облыс әкімінің жылы лебізіне ризашылық білдірді.

«Мен үшін Сыр жерінде дүниеге келіп, білім алып, түлеп ұшқаным – зор мақтаныш. Спорттағы мансабымды аяқтауды ойлап жүрмін. Спорт саласында да біршама жетістікке жеттім. Білімді толықтырып, елге оралдым. Жылы қабылдауыңыз үшін рахмет», – деді данқты спортшы.

Кездесу соңында аймақ басшысы спортшының жоспарларына сәттілік тіледі.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

ТҮЛЕКТЕР ҮМІТІ

ҰБТ: әзірге нұсқа қандай?

Ұлттық бірыңғай тестілеудің сұрақтары мектеп бағдарламасының шеңберінде меңгерілетін негізгі тақырыптарды қамтиды.

Оқу бағдарламасына сәйкес 11-сынып оқушылары IV тоқсанда, негізінен, бұрын оқылған материалды қайталап, бекітеді, яғни, 11-сыныптың соңғы тоқсанында жаңа тақырыптар аз деп хабарлайды БҒМ баспасөз қызметі.

Осыған байланысты Ұлттық тестілеу орталығы 2020 жылғы ҰБТ-да пайдаланылатын сұрақтар IV тоқсанның бағдарламасын қамтымайтынын мәлімдеді.

Ұлттық тестілеу орталығының директоры Дидар Смағұловтың айтуынша, мамандар тест тапсырмаларының мазмұнын егжей-тегжейлі талдады.

«Біз қашықтан оқуға көшу ҰБТ-ға дайындалуға әсер етпейді деп есептейміз, оның үстіне, мектеп оқушылары ҰТО-ның сайтында орналастырылған сынама тестілерін тегін пайдалану мүмкіндігіне ие. Әрбір пән бойынша 70 нұсқа әзірленді. Біз оқушылардың сынама тестілерін белсенді пайдаланатынын көріп отырмыз. Карантин кезінде оқушылардың ҰБТ-ға жақсы дайындалуы үшін барлық жағдай жасалуда. Оның үстіне ҰБТ сұрақтары төртінші тоқсанның тақырыптарын емес, жалпы мектеп бағдарламасын қамтиды. Айтпақшы, соңғы жылдары фактологиялық материалды жаттау мен есте сақтауға емес, функционалдық сауаттылыққа байланысты сұрақтардың үлесі артып келеді», – деді Дидар Смағұлов.

Ол, сондай-ақ, ҰБТ-ны өткізу бұрынғы форматта қалатынын, алайда қосымша санитарлық шектеу шаралары енгізілетінін атап өтті. Сонымен қатар, карантин ұзартылған жағдайда ҰБТ-ны өткізудің балама нұсқасы дайындалуда.

«СБ» ақпарат.

«АРЗАНДАТЫЛҒАН ЖАНАРМАЙ АЛДЫҚ»

Қазір төтенше жағдайға қарамастан, диқандар сақтық шараларын ұстанып, жұмыстарына кірісті. Несібесін Жер-аңдан табын шаруалар күн жылынғаннан-ақ, кетпен-күрегің сайлаған. Олар дәл қазір алқапта жүр.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

Жалағаш ауданының Мәдениет ауылдық округінде жеке кәсіпкер Самат Сарбасов 800 гектар алқапқа күріш тұқымын септі.

Дән себілмес бұрын, мұнда су көздері 90 процентке тазартылды. Жерді нәрлендіру мақсатында минералды тыңайтқыштар қолданылған. Диқандар дайындық жұмысын пысықтағаннан кейін барып, тұқым себілді. Шаруашылық ақ маржанның бір ғана түрін өсіреді. Ол – Лидер.

Кәсіпкер 2014 жылы «Жігер» шаруа қожалығын ашқан. Бұған дейін басқа шаруашылықтарда жұмыс істеп, біраз тәжірибе жинақтаған. Алғашында 100 гектар аумаққа күріш егіп бастаған. Ала жаздай егістік басында түнеп, уақытылы суарып, мал түсіп кетпеуін

қадағалады. Күзде диқанның еңбегі ақталып, егіні шықты. Еңбегі есептенген Самат келесі жылы мемлекеттің қолдауы арқасында егістік көлемін ұлғайтты. Жыл сайын тұқымға, минералды тыңайтқышқа, техникалық құралдары мен жанар-жағармайға берілетін субсидиядан қалыс қалған емес. Сол себепті, шаруа жасалып жатқан мүмкіндіктер мен жеңілдіктерге дән риза. Қазіргі таңда шаруашылықта 40-тан астам адам еңбек етеді. Еңбеккерлердің жалақысы жақсы, тұрақты әрі барлық жағдайы жасалған. Сонымен бірге, Саматтың айтуынша, техника күші де жеткілікті. Бәрі де заманауи құрылғылар екен. Қазір комбайн, трактор бәрін қосқанда 15-тен асады.

– Еліміздегі төтенше жағдай шаруаларға қолбайлау болып



отырған жоқ. Ең бастысы, сақтық шараларын барынша ұстанып, егін егіп жатырмыз. Мұндай уақытта қарап отыруға болмайды. Қазір – нағыз егін егу науқаны. Мемлекеттен қажетті көмекті, атап айтсақ, арзандатылған жанар-жағармайды алдық. Енді жылдағы межені тұрақты ұстап отыруға күш-жігерімізді саламыз, – дейді шаруа.

Өткен жылы 63 центнерден өнім жинаған ол күріштің келісін 65 тенгеден сатқан. Тұрақты тұтынушысы бар. Еңбеккер жігіттің ендігі мақсаты – егістік аумағын кеңейту. Оған қоса, өзге де дақылдарды өсіріп көрмек.

Биылғы алтын дәнді шашпай-төкпей жинап, қамбаға бастыру оның басты тілегі болып тұр.



● ЭЛЕУЕТ ПЕН ЭЛЕУМЕТ

ЖОЛ КАРТАСЫ: МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫ МАҢЫЗДЫ

Елде төтенше жағдай енгізілген кезеңде теңге бағамын тұрақтандыру, экономика салалары мен секторларының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін халық пен кәсіпкерлердің қаржылық жағдайын қолдау шаралары қабылданды. Бұл мақсатқа Ұлттық банк 1 трлн теңгеден астам қаржы бөлді.

С Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы».

Тұрғындарды жұмыспен қамтудың негізгі құралы ретінде Үкімет 2020-2021 жылдарға арналған «Жұмыспен қамтудың жол картасын» қабылдады. Бағдарламада 7 мыңнан астам жоба қамтылған. Оның 300-ден астамы – өнімді, перспективалы жобалар. Бұлар тұрақты жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Басты мақсат –

62 жоба – 3474 жұмыс орны; – абаттандыру бойынша 47 жоба – 899 жұмыс орны, оның 65-і тұрақты. Жол картасы аясында өңірде әртүрлі салада 26 нысанның құрылысы жүргізіледі. Көптеген нысан күрделі, ағымдағы жөндеуден өткізіледі. Қызылорда қаласы мен Қазалы, Қармақшы, Шиелі аудандарының бірқатар

кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік саясаттың басымдықтарының бірі екені анық. Ол экономикалық өсім мен жұмыс орындарының маңызды көзі саналады. «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы бойынша ел экономикасының үштен бірінен астам бөлігі шағын және орта кәсіпкерлікке тиесілі болады деген болжам бар.

Мықты мемлекет қуатты кәсіпкерлікке сүйенеді. Сондықтан бұл мәселеге мемлекет зор маңыз беріп отыр. Саланы қолдау бағытында Сыр өңірінде де жүйелі жұмыс атқарылып келеді. Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының мәліметіне сүйенсек, мемлекеттік бағдарлама аясында биыл жеке кәсіпкерлікті қолдау үшін жалпы сипаттағы трансферттер арқылы 1 млрд 710 млн, облыстық бюджеттен қосымша 1 млрд 712 млн теңге бөлу қарастырылған.

Оның ішінде: – несиеңнің проценттік мөлшерлемесін субсидиялауға – 1 млрд 439 млн теңге (оның 50 проценті немесе 719,705 млн теңгесі «Даму» қорына субсидия төлеу үшін аударылды); – несие бойынша кепілдендіруге – 240 млн теңге (оның 50 проценті немесе 120 млн теңгесі «Даму» қорына кепілдік төлеу үшін аударылды); – гранттық қаржыландыруға – 21 млн теңге бағытталды.

Жыл басынан бері несиеңнің проценттік мөлшерлемесін субсидиялау құралы бойынша жалпы құны 1 081,2 млн теңгені құрайтын 33 жоба қаржыландырылды. Кепілдендіру құралына сәйкес жыл басынан бері жалпы құны 368,482 млн теңге болатын 18 жоба мақұлданды. Ал жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін ұсынылатын қайтарымысыз гранттарды конкурстық іріктеу төтенше жағдайға байланысты кейін өтетін болды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен карантин жағдайында елімізде кәсіпкерлерге арналған шұғыл шаралар топтамасы әзірленді. Салықтық декларация тапсыру, салық төлеу мерзімі кейінге шегерілді. Өсімпұл да есептелмейді. Шағын және орта бизнесті қолдау үшін кәсіпкерлер салықтан уақытша босатылып отыр. Саланың жұмыс ішкі өнім құрылымындағы үлесі 29,5 процентті құрайтынын, секторда 3 млн-нан астам адам жұмыспен қамтылғанын қаперге алсақ, мемлекет қолдауы қиындыққа тап болған сала өкілдеріне демеу болмақ.

● ПІКІР-ПАЙЫМ

БІРЛІГІМІЗ БЕКЕМ БОЛСА...

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың коронавирус дертінің барша адамзатқа қауіп-қатер төндіруіне орай «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласы жарияланғаны баршамызға белгілі.



Елбасы қазіргі туындап отырған жағдайды «дүлей дауыл» деп сипаттағаны есімізде. Жалпы бұл ұғым ағылшын дереккөздерінде 1718 жылдан кездеседі. Алғашында табиғат құбылысымен байланысты болған түсінік, кейін экономика, саясат, халықаралық қатынастар мен басқа да салалардағы түрлі дағдарысты жағдайларды сипаттау үшін метафорикалық мағынада кеңінен қолданыла бастады. Міне, осы «дүлей дауыл» кезеңінде отандастарымызды Президент және Үкімет тарапынан іске асырылып жатқан шұғыл шараларды қолдауға шақырды. Өйткені қазіргі атқарылып жатқан шаралардың барлығы қоғам мүшелері мен еліміздің мүддесін қорғау үшін маңызды. Елбасы сын сағатта ортақ істен сырт қалмауға шақырған еді. Бюджет саласы қызметкерлерінің, студенттердің, шағын және орта бизнестің ауыртпалығын жеңілдету бағытындағы нақты қадамдар, бизнес өкілдерінің халыққа көрсетіп жатқан көмегі, аса мұқтаж жандарға көмек көрсету қажеттілігі, үлкен кісілер, балалар үйі тәрбиеленушілері мен арнаулы ауруханалардағы науқастарды қажетті заттармен үзбей қамтамасыз ету сынды мәселелерге ерекше тоқталды.

Елбасы коронавирус пандемиясының бүкіл әлемде экономикалық дағдарыс туғызып отырғандығы жөнінде баяндайды. Дағдарыстың көріністерін сипаттап, еліміздің бұл ахуалдан шығу жолдарын ұсынады. Ұлттық қор мен алтын-валюта қорындағы қаржыны

үнемді пайдалану арқылы бұл сыннан өтудің мүмкіндігі туралы да айтылады. Біздің ойымызша, осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстар, реформалар қиын ахуалды жеңілдетеді.

Елбасы ең алғашқы сөзін аға ұрпақ пен зиялы қауым өкілдеріне арнады. Расында, прогрессивті интеллигенцияның аға буын өкілдері халықты ынтымаққа шақырып, жақсылыққа, ізгі амалдар жасауға, саламатты өмір салтын ұстануға белсенді қатысуы көптеген нәтижелерге жеткізеді. Аға ұрпақ пен зиялы қауым өкілдері жастарды еңбекке, білім алуға, қатарының алды болуға тәрбиелеу идеясына қолдау білдірсе, басқа қоғам мүшелері де бұл шараны белсенді түрде жалғастырады.

Елбасы тәуелсіздік жылдары дүниеге келген жас ұрпаққа аға ұрпақтың қолдан келгенін бәрін жасағанын, жастардың күш-қайрат жұмсайтын кез келгенін айтты. Сондықтан жас ұрпақ өз күш-жігерлері мен қабілетін игі істерге жұмсап, Елбасының үмітін ақтауы тиіс деп ойлаймыз. Кәсіпкерлерге де өз сөзін арнады. Қазіргі кезде киналғандарға қол ұшын беріп, қаржылай, заттай көмектесіп жатқан кәсіпкерлердің бар екендігіне, бұл үрдіс одан әрі жалғасын табатындығына сенім білдіреді.

Бүгінде жемісті ынтымақтастыққа ықпал жасайтын достық және бейбіт қатынастарды сақтау мен дамыту өте маңызды. Бұл үшін еліміздің барлық жағдайы бар. Еуразия экономикалық одағы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің халықаралық ынтымақтастық бағытындағы әлеуеті жоғары екені де мақалада айқындалып отыр. Сондықтан ынтымақ, бірлік, өзара құрмет, достыққа талпынушылық, ұрпақтар сабақтастығы мен үлкендерге ізеттілік ең ауыр сынақтарға қарсы тұратын тиімді күрес құралы болып табылатындығын ұмытпағанымыз жөн.

Динар ДОСМАНБЕТОВ, Қызылорда «Болашақ» университетінің даму және экономикалық мәселер жөніндегі проректоры.

● ЖЕДЕЛ ЖЕЛІДЕ

Аурудан айыққандар саны 69-ға жетті

Жұма күні таңертеңгі сағат 9.00-де аймақта індет жұқтырғандар саны 161-ге жетті. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдұрасметов хабарлады.

– Сонғы тәулікте «COVID-19» вирусының жаңадан 4 жағдайы тіркелді. Оның біреуі – вирусқа күдікті болып, провизорлық стационарға орналастырылған азамат. Ал үшеуі індет жұқтырғандармен байланыста болып, карантинге оқшауланған. Қазір науқастардың жағдайы бірқалыпты, емін жалғастыруда. Сондай-ақ, вирус жұқтырғандармен байланыста болған 2423 адам анықталса, оның 1278-і жақын, 1145-і жанама қарым-қатынаста болған. Осы күні облыста індетті жеңгендер саны 69 адамға жетті.

Ноутбук табысталды

Қауіпті індетке байланысты күшейтілген режимде жұмыс істеп жатқан дәрігерлер бірнеше апта бойы отбасынан тысқары жүр. Облыс әкімдігі коронавирус инфекциясымен күрескен медицина қызметкерлеріне қолайлы жағдай жасап, кәсіпорындар мен қоғам белсенділері қолдау көрсетуде.

Назарбаев Университеті қауымдастығының әлеуметтік даму қоры «COVID-19» пандемиясымен күресуші көпбалалы 16 кіші буын қызметкеріне ноутбук табыстады. Сыр өңірінің барша медицина қызметкерлері қиын сәтте қолдау көрсеткендерге алғысын білдірді. Айта кетейік, Назарбаев Университеті қауымдастығының әлеуметтік даму қоры Павлодар, Көкшетау, Шымкент, Теміртау, Талдықорған және Ақтөбе қалаларының медицина мамандарына да компьютер сыйға тартқан.

ҮЛКЕН ЖҮРЕКТІ АДАМДАР БАРДА...

Қазір ешкімге оңай емес. Әсіресе, ай сайынғы табысынан айырылған, үйге қамалған халық абдырап қалды. Бірақ Үкімет оларға қорған болды. Әртүрлі көлемдегі көмек, әйтеуір, ас-суын алуға жеткендей.

С Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы».

Бірақ ел ішінде үлкен жүректі адамдар бар екен. Бар дейміз-ау, көп екен. Біз, әдетте, «адамдардан мейірім кетті, жылылық сезілмейді» дейміз ғой. Бірақ қиын шақта шамасы жеткендердің жалпай жақсылық жасап жатқанын көріп, ол ойымыздан айныдық. Ең алдымен, ауырғандарды емдеп-жазуға уақытын, күшін, білім-тәжірибесін сарқа жұмсап келетін ақ халаттыларға алғыс! Олар аты жаман кеселмен күрестің алғы шебінде жүр. Полициялар мен әскерилердің, мұғалімдер мен журналистердің жұмысы да қауырт қазір.

Редакцияның хат қоржынына қайырымды жандарға қарата айтылған халықтың алғаусыз тілегі толассыз түсіп жатыр. «Біреуге шапан жапқаннан өзінің жүрегің жылиды» деген бар. Пейілі дарқан, көңілі кең, қолы ашық адамдар өзгеге жақсы іс қылуудан көбірек ләззат алады. Ел басына түскен қиындықты еңсеруге осындай азаматтар атсалысып, «Біргеміз!» деген ұранның бос сөз емес екенін дәлелдей алды. «Оң қолың бергенді сол қолың көрмесін» дегенді білсек те, жақсы адамдардың аты-

жөндерін көрсете отырып, сауапты ісін жариялауды ұйғардық. Осылай өзгелерге ой салғымыз келді.

Қандай қиын кезде де қазақ «көп түкірсе – көл» екенін көрсетіп жүр. Қазіргідей жағдайда ақ ниетті аралдықтардың жерлестерін қолдаудағы үлесі айтарлықтай. Олардың қатарында қызметкерлер Мейрамбек Жұмашев, Қадірберген Бедер, Ақыл Сәдуақасова, Қуанышбай Ердікалыков, Төрбек Игіліков, Нұрсұлтан Ақмұраев, Индира Жұмашева, Фатима Сәрсенбаеваны атап өткен жөн. Бірі халыққа қорғаныс бетпердесін тегін таратып, бірі азық-түліктей жәрдемдесе, енді бірде тосқауыл бекеттеріндегі тыныштық пен қауіпсіздікті сақтаушы қырағы қызметкерлерді ыстық тамакпен қамтамасыз етіп келеді. Ізгі бастамаға жергілікті еріктілер, №14, 13, 83, 220, 262, 71 мектептер мен Арал индустриалды-техникалық колледжінің ұжымы үн қосты.

Қазылық кәсіпкер Бақытбек Әбдіраманов Ұ.Түктібаев және Майдакөл елді мекенінің тұрғындарына 100 қап ұн таратып берді. Ауылдастарына қол ұшын

созуды ол азаматтық парызы санайды.

– Төтенше жағдай жарияланған кезде базар бағасы көтеріліп кетер деген оймен мен де көптеп азық-түлікті сатып алғанмын. Ұн, қант сияқты заттарды қаптап, үйдің кіреберісіне қоя салдым. Жұмысқа барарда, үйге келгенде оны көріп іштей ыңғайсызданып жүрдім. Бірге өскен, бір нанды бөлісіп жеген кейбір ауылдастарымның тұрмыстық жағдайы мазалай берді. Сөйтіп, мұқтаж адамдарға көмектесуді ұйғардым, – дейді ол.

Бақытбектің игі бастамасын Ақтан батыр елді мекеніндегі Марат Жақсылыков жетекшілік жасайтын мәдениет үйі, Алик Тілеумбетов басқаратын №94 мектеп ұжымы, ауылдық округ әкімі Маулен Қайруллаев, «Сыр маржаны» серіктестігінің директоры Мінажадин Өтеус және өзгелер жалғастырып әкетті.

Республика көлеміндегі «Біз біргеміз!» қайырымдылық шарасынан жаңақорғандықтар да шет қалған жоқ. Бұған дейін талай жақсы істің басы-қасынан табылып жүрген «Жаңарған Жаңақорған жастары» қоғамдық қорының өкілдері, кәсіпкерлер, шаруашылық басшылары мен аудан тұрғындары өзара бірлесіп жұмыс істеуде. Осы жердің тумалары, қазіргі күні Алматыда тұратын Несібелі Жүсіпова, Әбсәдік Зайнидинов та алыста болғанына қарамастан, ауылдастарын азық-түлікпен қамтыды.

Ізгі істе төбе көрсеткендер облыстың басқа аудандарында да, орталығында да жетіп артылады. Олардың қатарында «Абай Дәулет» ЖШС директоры Мұрат Сәрсенбаев, «Сыбаға» ЖШС директоры Лейла Ризванова, «Мағжан және К» ЖШС директоры Мағжан Ералиев, «МұнайТехСервисОрда» ЖШС директоры Дәулет Қайсариев, кәсіпкер Қанат Смағұлов және тағы басқа көптеген Атымтай азаматтар бар. Ал бизнестің беделді өкілдері Қайрат Боранбаев қаладағы «Қызылорда», Мырзабай Шалғымбаев «Достық» қонақүйлерін, Мұрат Сәрсенбаев әуежай маңындағы ғимаратты, Раушан Базарбай емхананы уақытша медициналық нысан ретінде босатып берді. Қызылорда қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебіндегі оқушылары ата-аналарының қолдауымен жалғызбасты қарияларды қамқорлыққа бөледі. Олар қайырымдық эстафетасын өздері секілді жетастара жолдайды. Ел басына түскен ауыртпалықты жеңілдетуде бұл шаралардың қай-қайсысы да – біле-білгенге үлкен көмек.

Күні кеше есігімізден Рамазан айы енді. Сауап еселенетін, мұсылман баласы рухани кемелденетін қасиетті айда игілік пен ізгілікке ұмтылған адам ұтады. Ендеше, жақсылық жасап жүрейік, Раббымыздың рақымына бөленейік!

АЙҒАҚ ЗАТТАР АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕРГЕ БЕРІЛЕДІ

Облыс бойынша экономикалық тергеу департаменті бірнеше білім мекемелеріне компьютерлер беруде. Бұл туралы департаменттің баспасөз қызметі хабарлады.

Барлық мектептердің қашықтан оқуға көшуіне байланысты әр балаға компьютерлік техниканың жетіспеу қиыншылығы орын алып отырғаны белгілі.

Экономикалық тергеу департаментінің өндірісінде өткен

жылы заңсыз ойын айналымына қатысты болған қылмыстық істер бойынша заттай айғақ ретінде алынған компьютерлік техникалар, облыстық білім басқармасының шешімімен, №4, №6 және №7 арнайы мектеп-интернаттарға бө-

лінді. Есту, көру қабілеті бұзылған балаларды оқытатын бұл мекемелердің әрқайсысы, тиісінше 7, 15 және 10 компьютер, бір данадан модем алатын болады. №6 мектепке, сонымен қатар, бір бейнекамера тиесілі болды.

Кезінде заңсыз ойын бағдарламалары орнатылып, жекелеген заңсыз әрекет еткен тұлғаларға қызмет еткен бұл компьютерлер мен модемдер енді мектептерде

онлайн сабақ, бейнебайланыс түрінде өтетін басқа да шаралар үшін пайдаланылатын болады.

2019 жылы департаменттің өндірісінде заңсыз ойын бизнесіне қатысты 19 қылмыстық іс болған. Нәтижесімен 31 ойын мекемесі жабылды, заңсыз ойын ойнатылған құрал жабдықтардан бөлек 10 млн теңге, 60 мың АҚШ доллары айналмнан алынды.

«СБ» ақпарат.

ПАНДЕМИЯ: Қай елде қандай қолдау?

Әлем елдері карантинде отыруға мәжбүр болған тұрғындарына қандай материалдық қолдаулар көрсетуде? Алдымен көршілес мемлекеттердің төтенше жағдай кезінде қабылдап жатқан шараларына тоқталайық.

Ресей жұмыссыз, табыссыз қалғандарға «несиелік демалыс» жариялады. Пандемия кесірінен табысы 30 проценттен кемісе, онда азаматтың несиесі 6 айға шегеріледі. Кәсіпкерлерге қайтарымсыз көмек көрсетіледі. Ал Өзбекстанда жалғызбасты қарттар мен мүгедектер азық-түлік және гигиеналық заттармен тегін қамтамасыз етіліп жатыр. Кәсіпкерлердің несие төлемдері кешіктіріледі немесе шығындарының бір бөлігі өтеледі. Бұдан бөлек, 100 мыңнан астам медицина қызметкерлеріне үстемақы қосты. Қырғызстан 200 мың отбасыны азық-түлік жиынтығымен қамтамасыз етті. Бірақ, мұқтаж жандардың қатары одан да көп. Жалпы, елде коронавируспен күресу үшін 1 миллиард сом бөлінді.

Әзербайжан мемлекеті 600 мың адамға 190 манаттан, яғни 47500 теңгеден берді. Ал Грузия билігі эпидемия кезінде экономиканы қолдау үшін 2 миллиард лари бөлді. Бұл 600 миллион АҚШ долларына тең.

Ұлыбритания бизнесті қолдау шараларының қатарында компанияларға 330 млрд евро несие кепілдігін ұсынып отыр. Несиенің максималды көлемі 1,2 млн евродан 5 млн евроға дейін ұлғайып, алғашқы 6 айға жеңілдік берілді. Қаржылық қиындықты бастан кешіп отырған британдықтардың ипотекасы 3 айға шегеріледі. Оған қоса бөлшек сауда кәсіпорындары, қонақ үй, туристік бизнес пандемия кезінде салықтан босатылады.

Германия кәсіпкерлер мен компанияларға, тұрғындардың түрлі топтарына арналған көмек пакетін қарастырған. Мемлекеттік қолдау көлемі 750 млрд евроны құрайды. Жалға берушілерге жалға алушылармен арадағы келісім-шартты ақысын төлей алмағаны үшін бұзуға тыйым салынды.

Елдегі ауруханалар 3 млрд евро көлеміндегі қолдауға ие болды.

Италия төтенше жағдай кезіндегі қолдау шараларына 25 млрд евро бөлді. Ал денсаулық сақтау саласына 3,5 млрд евро бағыттап отыр. Займдар мен ипотекалық несиелерді төлеу тоқтатылды. Ол банктерге арналған мемлекет кепілдігінің қаржысы арқылы жабылады. Жұмысқа бара алмай отырған итальяндықтарға арнайы төлемдер берілуде. Ал жұмыс істейтін ата-аналарға бала күтушісін жалдау үшін 600 евро төленді. Отбасылар мен кәсіпкерлерді қолдауға 10 млрд евро қаржы қарастырылған.

Испанияда да коронавируспен күреске 200 млрд евро бөлінген. Елдің Премьер-министрі Педро Санчес бұл жоспарды «ел тарихындағы ең үлкен мобилизация» деп атады. Польша Үкіметі қызметкерлерін қысқартпаған компаниялардың айлық жалақысының 40 процентін жабуға, Франция ұсақ сауда кәсіпорындарына 1500 евродан төлеуге уәде беріп отыр.

АҚШ Президенті кеселден зардап шеккендерді қолдауға 100 млрд евро бөліп, жылдық табысы 75 мың доллардан кем азаматтарына қаржылай жәрдемдесу үшін 500 млрд доллар берілетінін айтты. Бразилия 84 млрд реал қаржыны тұрмысы төмен отбасыларына бағыттамақ. Зейнеткерлерге 13-айлық әдеттегідей желтоқсанда емес, мамыр айында төленетін болды.

Азия елдеріне келсек, Қытайдың Халық банкі несие проценттерін төмендетсе, Оңтүстік Корея тек шағын және орта бизнеске 47 млрд АҚШ долларын бермек. Түркия ең төменгі зейнетақы мөлшерін 1500 түрік лиріне дейін ұлғайтып, Египет өндіріске пайдаланылатын табиғи газ, электр энергиясының бағасын төмендетуде.

Кімдер керексіз боп қалуы мүмкін?

Коронавирус пандемиясы соң бірнеше мамандық керексіз боп қалатын сияқты. Оның ішінде індеттен қатты зардап шеккен елдер бойынша туризм саласы да төбе көрсетуі бек мүмкін.



РТ арнасы бұл әңгіме бірінші бөлекке турагенттер мен экскурсоводтарға қатысты екенін алға тартып отыр. Биылдың өзінде салада ауқымды кадрлық қайта құру шаралары басталуы ғажап емес. Кейбір әуе компанияларының банкроттық қаупі алдында екенін ескерген сарапшылар жолаушыларға арналған әуе тасымалы жүйесінде қысқарту ықтималдығы барын жасырмайды. Мәселе фитнес индустриясын да айналдыр өтпейді. Өйткені әлем халқын оқшауланған қалпынан қайтару біразға дейін қиынға соғатын сияқты. Бұл осы саладағы жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігін жоғалтып, керексіз болуына әкеп тіреуі мүмкін.

Zoom-нан бас тартып жатыр

Соңғы үш аптада Zoom телебайланысының қызметін пайдаланушылар саны 50 процентке артты. Яғни күніне оны 300 млн-дай адам қолданатын болды.

Әлемде вирустық пандемия өршігелі бері аталған қосымшаның танымалдылығы артқан. Бірақ Atameken Business арнасы хабарлағандай, ол қазақстандықтар үшін қауіпті көрінеді. Өйткені Zoom қосымшасы арқылы топтық бейнебайланысқа шыққан әрбір адамның жеке мәліметтерін көшіруге, жазып алуға болады. Мамандар карантин жағдайында онлайн жұмыс істеуге көшкен отандастарымызды

сақтық мәселесін қаперде ұстауға шақырып отыр.

Бізде ескерту ғана жасалып жатқанда АҚШ сенату қызметкерлеріне Zoom қосымшасының мүмкіндігін пайдалануға тыйым салды. Google корпорациясы да өз компьютерлерінде бағдарламаны бұғаттады. Buzz-Feed порталы жазғандай, бұған бағдарламаның қауіпсіздік сақтаудағы осалдығы себеп.

– Біз ұзақ уақыт бойы корпоративтік желіден тыс қызметкерлерге бекітілмеген қосымшалармен жұмыс істеуге тыйым салатын саясатты ұстанып келеміз, – дейді Google өкілі Хосе Кастанеда.

Қосымшаға жүгінуден бас тартқан қатарында басқа да бірқатар корпорация бар. Мысалы, SpaceX байланыс үшін балала ретінде электронды пошта мен смартфондағы бейнеқоңырауларды қолданады. NASA да солай.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

ӨТКЕН МЕН ӨЛШЕМ



ДОЛЛАР ҮСТЕМДІГІ ҚАШАНҒА ДЕЙІН САҚТАЛАДЫ?

коронавирустан кейін әлемді не күтіп тұр?

Әлем сырқатынан әлі арыла қойған жоқ. Коронавирус індеті жаһан экономикасын әбден тұралатып тастады. Көптеген мемлекеттердің ұлттық валюталары құлдырап, өндіріс ошақтары, шағын және орта бизнес тоқтады. Әлемдік логистика, яғни, теміржол, әуе, автомобиль көліктерінің қызметі ірікіді. Осының салдарынан әлемде мұнайды тұтыну көлемі күрт төмендеді.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы».

Экономикада өз табиғаты бойынша барлығы бір-бірімен тығыз байланысты, өзара үйлесімді болуы қажет болса, осы қатынастың бұзылуы орны толмас келенсіздіктерге әкеп соқтырды. Сарапшылардың пікірінше, адамзат зардабының ауқымы жағынан соңғы 100 жылдың көлемінде мұндай қатерді бастан өткізіп көрген емес.

Сарапшылар әлемдегі коронавирустан кейінгі жағдайды қалай елестетеді? Бұл орайда жауабы көмескі сауалдар жеткілікті. Әлемде жоғары үстемдікке ие болып отырған доллардың жағдайы келешекте қалай болады? Пікір көп. Бірқатар сарапшылар болашақта долларға деген сұраныстың төмендеуі мүмкін екенін, ол әлемдік қаржы рыногынан бірте-бірте ысырылуы ықтимал екенін айтады. Шынында да солай ма? Бұл орайда сарапшылар АҚШ-тың қазіргі таңда ештеңемен қамтамасыз етілмеген доллардың тасқыны арта түскенін, ол өз кезегінде ақша басу станогының тынымсыз жұмыс істеп жатқанын, мұның әлемнің барлық елдері үшін қауіпті құбылыс екенін тілге тиек етеді. Сол сарапшылар бұл орайда коронавирустан кейінгі әлем тағдырын басқа тұрпатта елестетеді. Заңды сұрақ туындайды. Ол қандай болуы мүмкін?

Алдымен тарихшылардың зерттеулеріне назар салайық. Кешегі Кеңес Одағы тарағанға дейін АҚШ доллары әлемде үстем валюта саналғаны мәлім. Дегенмен, сол кезеңде кеңес рублі де сатып алу қабілеті бойынша одан қалысқан емес. Тіпті рубль белгілі бір тарихи кезеңдерде құны жағынан доллардан жоғары тұрды.

Тарихқа зер салайық. Ресейде рубль тұңғыш рет айналымға бірінші Петр патша кезінде енгізілді. Капиталистік дәуір дамыған кейінгі кезеңдерде ол ұзақ уақыт өзінің сатып алу қабілеті жағынан құнды болды. Ресей империясы әсіресе 19 ғасырдың соңы мен 20-шы ғасырдың басында экономикалық жағынан күрт дамыды. Рубль өте жоғары бағаланды. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін Ресейде экономика жоғары қарқынмен дамыды. Себебі рубль қаржылық қабілеті бойынша алтынға бағаланды. Мысалы, тарихшылардың зерттеуі бойынша патшалық Ресейде 1914 жылғы жағдай бойынша 1400 тонна алтын қоры болды. 1917 жылғы төңкеріске дейін 1 рубль 77 грамм алтынға бағаланды. Барлығы бір сәтте өзгерді. Азамат соғысы басталды. Оның алдындағы бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайы алдымен патшалық Ресей, ізінше Кеңес Одағының экономикалық жағдайын мүлдем құлдыратып жіберді. Әсіресе азамат соғысы кезінде қаржы жүйесі мүлдем қожырады. Сол Ресей жерінде бірнеше ақша баламасы пайда болып, олар әртүрлі аймақтарға ықпал жасаған бандар құрамаларының, билік басшыларының есімдерімен аталды. Оларды керенскийлік, махнолық, одессалық деп атады. Азамат соғысы жылдарында Ресей талан-таражға салынды. Алтын валюта қоры ұрланды. Патша генералы Колчактың игілігінің өзінде 500 тонна алтын болды. Ол бағалы қазынаны американдықтардан қарызға қару-жарак, басқа да қажеттіліктер алуға пайдаланып, большевиктерге қарсы күреске жұмсады. Кейін Колчак ұсталып атылды. Бірақ оның иелігінде

болған алтынның тағдыры қалай болғаны бүгінге дейін беймәлім.

В.Ленин құрған Кеңес өкіметіне өте ауыр мұра қалды. Рубльдің құнсызданғаны соншалық, революция кезінде 1 млн рубльге бар болғаны бір бөлше қара нан сатып алуға болатын еді. Елдегі күйзелісті большевиктік билік жақсы түсінді. Жағдайды қалыпқа келтіруге Ленин патша қаржы шенеуніктерін тартты. Солардың бірі Григорий Сокольников еді. Жаңа құрама тауарлық қатынастарды жетілдіру бойынша реформалар жасады. Оның ең бірінші талабы ретінде рубльді тұрақтандыру барынша қажет болды. Г.Сокольников қаржы комиссары ретінде 10 сомдық алтын тиынды шығарып, оның құны алтынның 25 процентіне бағаланды. Мемлекеттік сақтандыру қоры құрылды. Бюджет заңдылығы бекітілді. Сөйтіп қысқа уақытта большевиктер Кеңес Одағының қалыпты қаржы жүйесін қалыптастырды. Жаңа экономикалық саясат (НЭП) жүйесіне сәйкес қаржы айналымын қалыпқа келтіру бойынша тауар айырбастаудың тиімді жолы ұсынылды. 1922 жылғы Кеңес үкіметінің қаулысы бойынша 10 рубльге қара рыноқта алтын, платина, күміс сатып алуға рұқсат берілді. Сөйтіп 10 сомдық ақшаға базарда алтын, басқа да құнды металдар сатып алына бастады. Халық рубльдің нығаюын бірте-бірте сезіне бастады. Егер 1924 жылы 1 АҚШ доллары құны бойынша 2 рубль 20 тиынға теңессе, 1925 жылы оның құны 1 рубль 94 тиынға, ізінше 1 рубль 15 тиынға көтерілді.

Реті келгенде айта кетейік, сол Сокольников 1939 жылы Сталиннің репрессия құрбаны болып атылды. Тарихшылар оның кезінде Троцкиймен байланысты болғанын айтып, кейінгі тағдырының трагедиямен аяқталғанын осымен сабақтастырады.

Кеңес үкіметі жаңа кезеңге аяқ басты. Сталиннің басшылығымен 1920 жылдардың соңында Кеңес Одағында индустрияландыру кезеңі басталды. Бұл орайда Сталин: «Біз әлемнің индустриалды мемлекеттерінен 50-100 жылға артта қалдық. Артта қалушылықты 10 жыл ішінде еңсермесек, біздің тағдырымыз капиталистердің қолында болады», деді. Елде жаппай индустриаландыру науқаны қауырт жүргізілді. Деректерге жүгінсек, 1927-1940 жылдары Кеңес Одағында 9 мың жаңа кәсіпорын салынды. Өнеркәсіп өнімінің көлемі осы жылдары 8 мың есе өсті. Алғашқы бесжылдықтың үш жылында 364 жаңа қала салынды. Статистикалық дерек бойынша Кеңес Одағында сол жылдары әрбір 29 сағатта 1 зауыт іске қосылып отырған екен. Кеңес Одағының экономикасы қуаты жағынан әлемде АҚШ-тан кейін 2-ші орынға шықты.

Осы жылдары АҚШ-та экономкалық дағдарыс салдарынан 2 млн адам аштан өлді. АҚШ президенті Рузвельт байлардың алтын күміс құймаларын зорлықпен тартып алды. Бермгендерге 10 мың доллар айыппұл салынды немесе түрмеге қамалды. Бұны американдықтар «ғасырдың алтын тонауы» деп атады. АҚШ өз аумағында соғыс қимылдары жүрмегендіктен, екі дүниежүзілік соғыстан кейін әбден байыды. 1945 жылы онда әлемнің алтын қорының 70 проценті шоғырланды.

Депрессия кезінде жұмыс

көзін таба алмаған американдық инженерлер Кеңес Одағында жүздеген зауыттарды салу жұмысына қатысты.

Индустриаландыру жылдары кезінде елде 90 жаңа кен орны ашылды. Бұл жағынан АҚШ, Англия, Германия, Кеңес Одағында болып жатқан өзгерістерді іштарлықпен бақылап отырудан басқа амалы қалмады. Тек қана гитлерлік Германия соғысқа барынша әзірленді. Соғыс қарсаңында Кеңес Одағының алтын қоры 2800 тоннаға жетті.

1944 жылдың шілде айында Бреттон-Вуд қаласында АҚШ пен Кеңес Одағының және әлемнің өзге де 44 мемлекетінің қатысуымен конференция өткізіліп, онда екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін әлемдік қаржы-валюта қатынастарының қандай болу керектігі талқыланды. Американдықтар өздерінде әлемнің алтын қорының 70 проценті шоғырланғанын, өздерінің дүниежүзінде өндірілген өнімнің 50 процентін тұтынып отырғанын айтып долларды әлемдік валюта деп жариялады. 3,5 доллар 1 унция алтынға бағаланды. Халықаралық валюта қоры құрылды. Бірақ Сталин конференцияда қабылданған шешімдерді құптамады. Ол: «Егер капиталистік қаржы жүйесі социалистік экономикаға үстемдік жасайтын болса, онда әлемдік қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкін емес», деді. КСРО Жоғары кеңесі Бреттон-Вуд шешімін мақұлдамады. Таңқаларлығы, Сталиннің сол кезде айтқан сөзі бүгінге дейін құндылығын жоғалтпай келеді.

Кеңес Одағында 1947 жылы ақша реформасы жүргізілді. Бұл соғыс кезінде оккупацияланған аумақта жалған неміс маркасының жүруі салдарынан тауарлық қатынаста үйлесімсіздік пайда болумен байланысты еді. 1961 жылы ақша реформасы тағы жүзеге асырылды. Рубльдің құнды болғаны соншалық, ол 1 долларға шаққанда 64 тиынды құрады. Шын мәнінде мұндай қатынас сәл-пәл өзгеріске ұшырағанымен, негізінен Кеңес Одағы құлағанға дейін сақталды.

1971 жылы американдықтардың қаржы жүйесіндегі саясаты мүлдем өзгерді. Президент Никсон тіпті долларды алтынға бағалаудың қажеті жоқ деп санады. 1991 жылға дейін Кеңес Одағында 2 мың тонна алтын қоры болса, кейін 1-2 жыл ішінде оның көлемі 200 тоннаға азайды. Рубль жүздеген есе құнсызданды. Миллиондаған адам Кеңес Одағында қайыршылыққа ұшырады, соншалықты адам ондаған жылдар жинаған жинақтарынан бір сәтте айырылды. Кейінгі жағдай белгілі. Ресей 30 жыл бойы әлемнің бірнеше жойқын дағдарысын бастан өткізіп келеді. Қаржы жүйесі қожыраған сайын халықтың тұрмыс деңгейі төмендеуде. Оны бүгінгі Қазақстан мысалынан да көруге болады.

Қазір әлем жұртшылығы коронавирустан кейінгі жағдайды көз алдарына елестетуде. Ол қандай болады? Кез келген дағдарыстан әдетте ат төбеліндегі қаржы магнаттары ғана ұтады. Олар байыған үстіне байып шыға келеді. Керісінше, кедейлер көбейеді. Оған бұрынғы дағдарыстар дәлел бола алады. Айталық, коронавирус дерті шарпыған АҚШ-та оның зардабын жеңілдету үшін 6 трлн долларды басып шығарды. Сарапшылардың есептеуінше оның 4 трл-ны ештеңемен қамтамасыз етілмеген әншейін қағаз ақша. Доллардан қалай құтыламыз деген сыпсың әңгіме қазір жетекші елдердің басшылары арасында жиі айтыла бастады. Бірақ, он уәдесі қашан басталады? Бәлкім, 10-20-30 жылдан кейін... Өкінішке қарай, оған әзірге ешкім толыққанды жауап бере алмайды. Өйткені бүгінгі әлем өте құбылмалы, болжам жасау қисынсыз.



● БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТІРШІЛІКТІҢ КӨЗІ, БЕРЕКЕНІҢ ӨЗІ

«Өзен жағалағанның өзегі талмайтынын» біздегі кәсіп иелерінен артық кім түсінген?! Дария бойынан бөлек, теңіз толқынында қайық ескен Сыр жұртының атакәсіпке деген ықыласы ерек. Соңғы жылдары судан сүзілген осы байлықтың Қазақстанға ғана емес, алыс-жақын шет елдерге тасымалдануы теңіз іргесіндегі елдің тіршілігін тәп-тәуір түлетіп-ақ тастады.

Балық шаруашылығы облыс үшін үлкен маңызға ие. Бүгінде Кіші Арал теңізі мен жергілікті маңызы бар көлдерден балықтың 14 түрі ауланады екен. Бір Кіші Аралдың өзінде 18 учаске болса, олар толықтай аудан мен қала әкімдіктерімен конкурс негізінде табиғат пайдаланушыларға бекітіліп берілген. Сондай-ақ өзіміздегі 207 көлдің 8 проценті осы негізде пайдаланылып келеді. Айтпақшы, ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен биыл шілдеге дейін облысқа 2757 тонна балық аулау лимиті бөлінген екен. Оның ішінде аулаудың басымдық үлесі Кіші Аралға тиесілі, мұнда 2576 тонна балық сүзілуді тиіс. Былтыр облысқа 7492 тонна балық аулау лимиті берілсе, оның 95,4 проценті орындалған.

Сержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы».

Тыйым болмаса, түгесіледі

Балықтың бал сорпасын татып көргендер өзен-көл жағалаудан әсте жалықпайды. Ал енді оны қаптап сатып, қаржысына дәнiккен жаман. Рұқсатсыз, әрине. Қытайдың арзан торын теңіз не дарияға тастап, шағын көлшікте тоқпен ұрып алатын қаскөйлердің бүгінде қарасы қалын. Шектеу болса да, әсіресе, уылдырық шашар уақытын андитындар азаймай тұр. Сонымен Арал-Сырдария су бассейні бойынша шектеулер мен тыйымдар жайлы не білеміз? Жалпылама айтсақ. Теңізге құяр сағадан Түркістан облысының әкімшілік шекарасына дейінгі Сырдария өзенінде 1 сәуір мен 30 мамыр аралығында балық ауланбауы тиіс. Ал облыс ішіндегі су айдындарында 20 сәуірден 10 маусымға дейін ау құрып, қайық еспей қоя тұрғаныңыз абзал. Теңізден нәпақасын айырып жүргендер де 1 мамырдан бастап 10 маусымға дейін ау-құралын жиыстыра тұрғаны жөн. Айтпақшы, сонау теңіздегі Сарышығанақ және Бутаковқа шығанағы, осы екеуін байланыстыратын сағалары да мұздың ыдырауынан бастап маусымның 10-на дейін қадағалауда болады. Айттып отырған жеріміз – Кіші Арал теңізінің 15,16,17,18 учаскелері.

Сондай-ақ артемияның көбеюі кезеңінде Өзбекстанның мемлекеттік шекарасына дейін Қазақстан аумағына жататын Тұщыбас, Чернышева шығанақтарын қоса алғанда, Үлкен Арал теңізінде 1 сәуірден 31 шілде аралықта артемия жұмыртқаларын жинауға және дайындауға тыйым салу заң күшіне енгізілген.

Сонымен облысты кесіп өтетін жалғыз өзеннен бөлек, 371,5 мың гектар болатын Арал теңізіндегі балық түрлерінің өсімі қалай? Мұнан басқа 207 су айдыны бар облыстағы осындай байлық түрін сақтау мен қорғау жұмыстары қалай жүргізілуде?

– Елбасының өз уақытында қабылдаған шешімі Кіші Арал теңізін сақтап қалуға мүмкіндік берді. САРАТС жобасының 1-ші кезеңінің жүзеге асырылуының нәтижесінде Солтүстік Арал теңізі суының тұздылығы төмендеп, теңіз көлемі сәл де болса ұлғайды. Балық түрі 22-ге көбейді, оның ішінде республика Қызыл кітабына енген Арал қаязы да бар. Өзіңізге белгілі, көктем айларында балық қорғау мақсатында «Уылдырық» және «Таза су айдындары» акциялары республика бойынша өткізіліп келеді. Бүгінгі күні акциялардың іс-шаралар жоспары облыс әкімінің орынбасарымен бекітіліп, тиісті іс-қимыл графиктері жасалды. Белгіленген мерзімде жұмыстар атқарылып келеді. Табиғат байлығын тонап, жауғенсіздік танытатындарға тосқауыл жасап келеміз, – дейді облыстық та-



биғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Айдоc Аяғанов.

Жазасы да жеңіл емес

Былтыр уылдырық шашу мерзімінде, облыс бойынша 130 балық қорғау заңнамасының құқық бұзушылығы анықталып, оның ішінде 57 іс сот орындарының қарауына жіберілген. Ал таза су айдындары акциясына жергілікті мемлекеттік органдардың қызметкерлері, табиғат пайдаланушылар, тіпті, жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері де қатысатынға ұқсайды. Нақты мәліметке сүйенсек, акцияға 500-ге жуық адам қатысып, 98 техника мен 22 шағын көлемдегі кемелер жұмылдырылыпты. Нәтижесінде 70 тоннадан астам түрлі қоқыстар мен суда қалған мыңға жуық аудын қалдықтары жиналған.

Ау демекші, біздің балықшылар қолындағының көбі дерлік қытай ауы ғой. Осындай балық ресурстары мен басқа да су жануарларын аулау құралдарын пайдалануына және сатылуына тыйым салу бойынша аймақтық инспекция тарапынан рейдтік-қадағалау, түсіндірме жұмыстары жиі жүргізіледі.

Қытай ауы демекші, «Тарифтік емес реттеу шаралары туралы» Еуразия экономикалық комиссия алқасы-

ның 2018 жылғы 21 сәуірдегі №30 шешімімен қолданылуына тыйым салынған ау құралдары ЕЭО-ның келендік аумағына әкелуге тыйым салынған тауарлар тізбесіне енгізілген еді. Сондай-ақ, «Сауда қызметін реттеу туралы» ҚР 12.04.2004 жылғы №544 Заңының 32-бабының 3-тармағының 4-3-тармақшасына сәйкес қолданылуы ҚР заңнамасында тыйым салынған, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын аулау құралдарын сатуды жүзеге асыруға тыйым салынады деп анық көрсетілген.

Сонда да қара базарда осы ау құралдарының көптеп сатылуы әзірше тоқтаған емес. Тіпті, балық аулаудың нағыз кезеңінде 100 метрлік ау құралдан ондаған наадан алып, километрлеп теңізге төгетіндер барын біз жасыра алмаймыз.

Нақтысы, адамдар су айдындарын

Балық баптағандар...

Айттып отырғанымыздай, балық түрлерін сақтау һәм өсімін арттыру сияқты жұмыстар да жоқ емес. Бір ғана Аралдың Қосжар ауылындағы Қамыстыбас балық питомнигі жыл сайын 14,8 млн дана балық шабағын мемлекеттік тапсырыс есебінен Арал теңізіне және теңіз маңайындағы су айдындарына жіберіп отыр.

– Былтыр мемлекеттік тапсырысты орындау мақсатында жасалған іс-шаралар кестесіне сәйкес, барлық жұмыстар уақытылы атқарылды. Осы жұмыстардың сапалы және нақты орындалуы біздің, яғни, аумақтық инспекцияның бақылауында болды. Сонымен қатар, ірі су шаруашылық нысандарында балық өткізбейтін қондырғы болмағандықтан, жыл сайын күріш алқаптарында қалған шабақтарды құтқару шарасы қосымша жүргізіледі. Мысалы, былтыр күріштік алқаптар мен бөлектенген каналдарда қалған 7 млн астам шабақ құтқарылып, су айдындарына жіберілген, – дейді облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының балық шаруашылығы бөлімінің басшысы Жанқожа Сапаров.

Із, күріш шаруашылығымен айналысатын өңірдің маусымдық егін мезгілінде Сырдариядан бастау алатын суландыру жүйелеріне көп мөлшерде жіберілетін сумен бірге миллиондаған балық шабақтары егістік алқаптарына өтіп кететіні рас. Былтыр «Шабақ құтқару» іс-шарасы облыс әкімдігімен бекітілді. Инспекцияның ұйымдастыруымен қалалық, аудандық орман мекемелері қызметкерлерінің күшімен шабақ құтқару жұмыстары биыл да жүргізілмек.

Қондырғы қорған бола ма?

Биылғы басты жаңалық мынау. «Халықаралық Аралды құтқару Қорының ҚР атқарушы дирекциясының» қоғамдық қоры Германияның GIZ компаниясы арқылы «Көкарал» су тоспасының алдына гидроакустикалық қондырғысын қою жоспарлануда. Қазіргі төтенше жағдайға байланысты іске қосылуы тоқтап тұрған қондырғың «Көкарал» су тоспасына Кіші Арал теңізіндегі балықтардың көп бөлігін өткізбегуге мүмкіндік беретін көрінеді. Бұл түбегейлі балықты мүлде өткізбейді деген сөз емес. Өйтсе де, Ұлы теңізге кеткен есепсіз балықтың жолына сәл болса тосқауыл болады деген үміт те жоқ емес. Бұл қондырғымыз, аты айтып тұрғандай, гидроакустикалық құрылғыларды пайдалану арқылы су тоспасына жақындаған балықтарды үркітуге негізделген.

Мақала басында айтып өткендей, балық экспортына аялдай кетсек. Аймақта жылдық қуаттылығы 12,5 мың тоннаны құрайтын 9 зауыт жұмыс жасайды. Құрылысы енді басталған Арал қаласындағы «Қазақстан Аква-культура ЛТД» ЖШС жыл соңына дейін іске қосылады деген болжам бар. Жоғарыда айтып кеткен 9 зауыттың жұмысы нәтижесінде балық өңдеу өткен жылмен салыстырғанда 4 процентке артып, балық өнімдерінің 13 түрі шығып жатыр.

Балық көзі болған балықтың сырт елге экспортталу жағы тым тәуір. Жалпы есебі 500-дей адам жұмыс істейтін балық кәсіпорындары биыл жыл басынан бері 1697 тонна өнімін Ресей, Польша, Нидерланды, Әзербайжан, Қытай, Германия, Литва, Украина елдеріне шығарған. Ал тауарлы балық өсіруде (аквакультура) жеті аудан мен қаладағы 9 балық өсіру шаруашылығы 143 тонна өнімді нарыққа шығарыпты.

Суреттерді түсірген **Б.ЕСЖАНОВ, Н.НҮРЖАУБАЙ.**

Басым дақылдардың тізбесін және өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына және «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №107 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 202009 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған басым дақылдардың тізбесі және өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған субсидиялар нормалары бекітілсін.

2. Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) «Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялар нормаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 16 қазандағы №1244 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6476 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 6 қарашада жарияланған);

2) «Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялар нормаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 16 қазандағы №1244 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 18 қыркүйектегі №63 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6919 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 20 қыркүйекте жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д.Жахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі
Г. Әбдіқалықова.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы «__» _____ № _____ қаулысымен бекітілген

Басым дақылдардың тізбесі және өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған субсидиялар нормалары

№	Басым дақылдың тізбесі	Бір тоннаға өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған субсидия нормасы, теңге
1.	Күріш	3500

КӨШЕТКЕ СҰРАНЫС КӨП

Бүгінде кәсіп ашып, жұмыс істеймін деген адамға мүмкіндік көп. Талапкерлерге де мемлекет тарапынан көптеген жетілдіктер жасалып жатыр. Бастысы – ынта мен ниетте.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».

Жалағаш ауданының тұрғыны Нұржан Жүсіп ауласына жылыжай салуды 2013 жылы бастаған. Жылыжайдың аумағы 5 сотық. Алғашында түрлі қиындыққа тап болып, жылу жүйесін ретке келтіре алмай ісі бір жылдай тоқтап тұрыпты. Дегенмен, оның жігері мұқалмады. Жылыту құрылғысын қолдан жасады. Онысы іске асты. Жылыжайға қажетті жабдықтарды Шымкент қаласынан алдырып, көп ұзамай-ақ, жылымын дөңгелетіп әкетті.

Ісін бастағалы бел жазбай

еңбек етіп келе жатқан Нұржанның жылыжайында бүгінде сан алуан көшет түрлері бар. Жеміс-жидек ағаштары, көкөністер мен гүлдердің кез келген түрін табуға болады. Жергілікті халық қыста қызанақ сатып алса, күн жылығанда көшеттерге тапсырыс береді. Ауданға жыл сайын 30 мың түп гүл көшеті жіберіледі. Қалғанын жақын ауыл-аймаққа өткізеді.

Бұл отбасының тіршілігі бозарып атқан таңнан басталады. Отағасы мен балалары жылыжайды суарып болғаннан кейін,



тапсырыстарды дайындайды. Одан бақшадағы көкөністерді жинап, жаңадан отырғызылған көшеттерді баптап күтеді. Есесіне, еңбегі адал. Табысы уақыт

өткен сайын еселеніп келеді.

– Егін шаруашылығымен бала күнімнен айналыстым. Сондықтан бұл кәсіп аса қиындық тудырмады. Тұқымдарды Өз-

бекстаннан алдырамын. Себебі, ол көдімгі тұқымдарға қарағанда 2-3 есе өнім береді. Мұны жергілікті халық та түсінді. Сондықтан сұраныс жоғары. Бізде жұмыс үздіксіз жүріп жатыр. Күзде егілген қызанақ қыста өнім береді. Оның келісін 700 теңгеден сатамын. Көктемге көшет дайындаймыз. Бұл істің бәрінде отбасым қолқабыс етеді, – дейді ол.

Қазір жұмыс қауырт, үстін-үстін келген тапсырыстарды дер кезінде орындап, тұтынушыларының сенімін жоғалтып алмауды көздейді. Оның үстіне биыл жылыжай жабындысын ауыстырған. Оны арнайы Оңтүстік Кореядан алдырды. Себебі, жарамдылық мерзімі 4 жыл. Бұдан бөлек, шаруаның ауыл сыртында 10 гектар жерге орналастырған бақшасы бар. Онда түрлі жеміс ағаштары өнім беріп тұр. Сонымен қа-

тар, картоп, жуа, сәбіз секілді көкөністер де егілген. Жылыжай мен бақшаға тамшылатып суару әдісін қолданады. Ісін дамытуда үнемі ізденіп жүретін кейіпкеріміз 2017 жылы 500 мың теңге көлемінде қайтарымсыз грантка қол жеткізген. Оған қажетті жабдықтарын түгендеген. Органикалық тыңайтқыштар алып, уақытылы жерді тозандандырып, қаражатын максатты жұмсаған. Сонымен бірге, Нұржан Сарыағашқа жыл сайын барып тұрады. Мұнда жылыжай ісі жақсы дамығандықтан, ондағы шаруалармен тәжірибеалмасып, жаңа технологияларды игеруді үйреніп жүр. Оның жоспары көп. Ауыл сыртынан жер алып, екінші жылыжайын ашқысы келеді. Сондай-ақ, жылдегіленгн несиеге қол жеткізсе, шаруасының біршама алға ілгерілейтінін ойлап жүр.

● ЖЕҢІСКЕ - 75

Жалағаштық партизан қыз

1982 жылдың шілде айының орта кезі болатын. Аудандық партия комитетінде қызметтемін. Жылдың осы уақытында аудан басшысы Қонысбек Қазантаевтан бастап барлық деңгейдегі бөлім, мекеме басшылары Қарақұм мен Қызылқұмдағы малшылар тойын өткізуге кететін. Осындай күндердің бірінде ауданға батыр партизан Қасым Қайсенов келе қалды. Ол кісінің келуінен хабардар аудандық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Төлеш Есказиев жұмыста отырған екі-үш қызметкермен райкомның алдында қарсы алды. Аман-саулықтан кейін Төкеңнің бөлмесіне кірдік. Төкен басшылардың іссапарда екенін айтып, ауданның тыныс-тіршілігінен мектептердегі әскери-патриоттық тәрбиенің барысынан, соғыс ардагерлерінің хал-жағдайынан мәлімет берді. Батыр партизан іссапарының мақсатын жақын жердегі ауылдағы бір мектепке барып, оқушылармен кездескісі келетінін айтты. Бұл мәселеден хабардар болып отырған Төкен мені Қ.Қайсеновке таныстырып, «мына жігіт сізді жақын жердегі Ақсуға алып барды, мектеп жұмыымен кездесе аласыз» деді.

Осылайша батырмен сапарлас болдым. Мектеп мұғалімінің ескілеу («Москвичіне» отырып, «Ақсу» ауылына бет алдық. Партизанның алғашқы сұрағы «Әкең бар ма? Соғысқа қатысқан ба?» болды. Мен әкемнің қайтыс болғанын, Сталинград майданына қатысқанын, басынан, жағы мен көзінен жараланғанын айттым. Ол артына бұрылып «өкен де мен сияқты жараланған екен ғой, бастан жараланған өте ауыр. Соғыста жауынгерлердің басты бірінші қорғауы содан» деді. Екінші сауалы «Бұл ауданда партизан қозғалысына қатысқандар бар ма?» болды. Мен соғыстың алғашқы жылдарында күші басым жауға қарсы шайқастарда амалсыздан тұтқынға түсіп, концлагерлерден қашып шығып, Италия, Франция, Балкан түбегі елдеріндегі партизан қозғалысына қатысқандар бар екендігінен білгенімше хабардар еттім. Үшінші сауалына көшіп, «Партизан қыз-келіншектер бұл ауданда бар ма?» деді. Мен білмейтіндігімді айттым. Жауабымды үнсіз тыңдап отырды.

Бұл сұрақты бекерден-бекер қоймаған екен ғой. Ұлы Отан соғысы жылдарында Украина, Белоруссия әскеріндегі партизан қозғалысының көш-басшысы болған батыр республикамыздағы партизан қозғалысына қатысқандарды түгел білетіндіктен сұрақтың қойылу себебін кейін түсінгендей болдым.

Бүгінгі Еуразия құрлығын мекен еткен, ұшқан құстың қанаты талатын, кен-байтақ жерімзді сырт жаулардан қорғауда, батыр бабаларымыздың жарлары аналарымыз да, батырлық пен ерліктің өнегесін көрсетіп шайқастарда мерт болғанын білеміз. Солардың бірі Бұқарбай батырдың жары – Шынар анамыздың қасқойлерге қарсы шайқасы кейінгі қыздары мен ұрпақтарына өнеге болып келеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Әлия мен Мәншүк, ұшқыш Хиуаз Доспанова болса, жалағаштық партизан қыз Тұрғанбике Жұмабайқызының тұрт жыл соғыстың алғашқы күнінен бастап соңына дейін Белоруссияның сазды-батпақты ормандарында қар жамылып, мұз жастанып, құндақтаулы баласын қапшыққа салып, аркалап жүріп жеңісті жақындатуға жаумен бетпе-бет шайқасқанын бұл күндері біреу білсе, біреулер біле бермейді.

Бүгінгі әңгіменің арқауы болып отырған Тұрғаш Жұмабайқызы (шын аты Тұрғанбике) 1922 жылы Жалағаш қыстағында дүниеге келген. Оның әкесі Піржанұлы Жұмабай осы Ақсу өңірінде 1885 жылы дүниеге келіп, өмірінің соңғы күніне дейін теміржолда жұмысшы болып істейді. 1937 жылы 52 жасында дүние салды. Шешесі Жүсіпқызы Алуа 1898 жылы Қараөзек бойындағы «Қызыл үй Мортқы» деген жерде дүниеге келіп, 1959 жылы 61

жасында Жалағаш қыстағында қайтыс болған. Темір жолда жұмыс істей жүріп, көп нәрсені ойға түйген Жұмабай қызының білім алғанын, орысша оқығанын қалайды. Әрине, бұған сол кездегі саясаттың да, темір жолда жұмыс істейтін орыс ұлты өкілдерінің көп болуы да әсер еткені анық. Тұрғаш Жұмабайқызы Жалағаш қыстағындағы алғашқы қырғыз-қазақ училищесінде, кейін Сталин атындағы мектепте оқыған. Аталған мектепті 1939 жылы үздік бітіргенімен, жоғары оқу орнында оқысам деген арманы жүзеге аспайды, бұған Тұраштың отбасы жағдайы мүмкіндік бермейді. Сол жылы ол елге демалысқа келіп жатқан Қаражігітов Батырхан деген жас офицермен танысып, бұл таныстық үлкен сезімге ұласады.

Екеуі бас қосқаннан кейін Белоруссияға, яғни күйеуі қызмет атқарып жүрген Батыс әскери округіне қарай сапар шегеді. Міне, Тұраштың Белоруссия жеріндегі күндері осылай басталған болатын. Ол кезде қазақ қыздарының ел асып, қиын шетке кетуі сирек болатын жайт қой. Анасы Алуа да, туыстары да алаңдаулы болады. Бірақ үш-төрт айдан кейін жастардан келген хат пен фотосуреттер олардың алаңдауларын тыяды.

Ол кезде Батырхан Қаражігітов Белоруссияның Борисов ауданындағы Логойск деген жерде Қызыл армия қатарында взвод командирі болып қызмет атқарып жүрген лейтенант еді. Сонымен ерлі-зайыпты екеуі 1940 жылдың шілде айында ұл балалы болады.

Бұл тұста Германиямен арадағы соғыс қаупі туралы жалпы ел білмегенмен, шекара маңындағы әскерилердің сезгендігі, дайындық шараларының жүргізілгендігі белгілі. 1941 жыл басталысымен Тұраштың елге қайтқысы келеді. Ауылды, туған-туыстарын, анасын сағынады. Өздері араласатын әскерилер мен олардың әйелдері арасындағы соғыс туралы әңгімелердің де әсері болғаны анық. Алайда, Батырхан жазда демалыс алып, екеуі бірге баратындықтарын айтып, оның елге жүруін кешееүлдетеді.

Көп ұзамай бейбіт күн кешіп, мамыражай тіршілік етіп отырған ел аспанын соғыс бұлтты торлады. Баскыншылар екі ел арасындағы шартты бұзып, бар әскери күшін Кеңестер одағына төкті. 1941 жылғы маусымның 22-сі күні сағат таңғы 4-ге әскери дабылмен кеткен Батырхан сәлден соң-ақ телефон арқылы Тұрашқа «Тез арада елге қайт» дейді. Бірақ бұл кезде олар жау қоршауында қалып қойған еді.

Бұлар тұрған әскер қалашықта адам түсініп болмайтын аласапыран басталды. Жылаған бала, үрейлене жүгірген әйелдер, әр тұста жарылған бомба, ысқырған снаряд... Әскерилердің барлығы да алғы шепке кеткен, олардан хабар жоқ. Тек алыстан соғыс дабылы естіледі. Міне, осындай жағдайда панасыз қалған әскери қалашықтағы тұрғындар жақын жердегі Логойск орманын паналайды. Осы кезде олардың қатарына жаралысы бар, басқасы бар әскерилер де жинала бастайды. Арасында жоғары шенді командирлер де, сержанттар мен қызыл әскерлер де болды. Өз бөлімшелерінен қалып қойған, адасып кеткен саяси қызметкерлер де баршылық еді. Солардың ішінде №2-атқыштар дивизиясының көшпелі баспахана бастығы аға политрук Уәли Божанұлы Оразбаев (ұлты-ноғай) босқындардың барлығын бір топқа жинап, жасырын қаруланған үлкен топқа әкеліп қосады. Батырханнан хабар ала алмаған Тұраш алаңдаулы еді. Ұлын бірде арқалай, бірде қолына ала бұйрық бойынша әрекет етуге көшеді. Бұлар жаудан кек қайтаруға кіріседі, баскыншылар үшін үлкен қауіпке айналады.

Аталған топтың командирі Николай Дорбин екен. Біртіндеп топтары көбейіп, «Большевик» деген партизан отрядын құрып, аз уақыттың ішінде «Николай Шорс» атындағы партизандар бригадасы аталды. Осы бригаданың әскери комиссары Уәли Оразбаев болды. Ал, кейіннен

жазушы болған партизан Токтағали Жангелдин («Партизан күнделігі» атты кітаптың авторы) Борисов ауданының жасырын комсомол ұйымының бірінші хатшысы екен. Тұрғаш апайдың есеп карточкасын сол кісі толтырыпты. Белоруссиядағы партизан қозғалысына 1500 қазақстандық қатысса, солардың ішінде Тұрғаш та бар еді. Осылайша оның партизандық күндері басталады.

Соғыстың басталғанына бес-алты ай өтсе де, олардың отрядында радист болмайды. Келесі 1942 жылдың қаңтар айының аяғында Мәскеуден арнаулы радиотехника мектебін бітірген Нұрғаным Байсейітқызы келіп, партизан бригадасына көмек көрсетеді. Осылайша, «Үлкен жермен» байланыс орнатылды. Нұрғаным партизандарға соңғы хабарларды, «Совинформбюроның» хабарларын баяндап отырады. Нұрғаным Тұраштың радиотехникаға үйреткеннен кейін, өзі жауынгерлік тапсырмамен басқа бригадаға ауысып кетеді.

Тұрғаш үш айдың ішінде неміс тілін жетік меңгерді. Көбіне радиотехниктердің қасында болып, әуе толқынында «Үлкен жерден» келіп жеткен құпия шифровкаларды тәржімалап, өте маңызды әрі қажет ақпараттарды өз командирлеріне жеткізіп отырды. Қолы бос кезде наубайханада, асханада да көмек көрсетті. Барлаушылар «тіл» әкелсе, тұтқыннан жауап алуға да қатысады. 1944 жылдың тамызы айының 23-і күні неміс баскыншыларынан Белоруссияның көптеген жері азат етілгеннен кейін Тұрғаш Жұмабайқызы II дәрежелі «Ұлы Отан соғысының партизаны» орденімен марапатталады.

Бұған дейін олар небір қаһарлы күндерді, мазасыз күндерді көріп, оқ пен оттың арасынан өткен болатын. Бірде бұлардың тобы партизандарды жоюға шыққан фашистердің үлкен бөлімімен бетпе-бет айкасса түседі. Қардай бораған октан сытылып шығу да онай шаруа емес еді. Әр ағаштың түбін паналаған партизандар өз отрядтарына қарай бет түзейді.

Автоматын қыса ұстап, жауға кектене оқ төккен бір партизанның арқасында танылған түйіншек жүрді. Бұл – ұлын арқасына танып алып жауға қарсы оқ боратқан қазақ қызы Тұрғаш, партизандар Тамара атап кеткен Тұрғанкул Жұмабайқызы болатын. Кейін Тұрғаш апай ауылдастарына осы туралы: «Жан алып, жан беріскен айқас, бораған оқ соғысқа шегініп келеміз. Бір кезде аркамдағы бала бірден ауырлап кетті. Не болғанын түсіне алмадым. Бірақ жүрегім бір жамандықты сезгендей тудай жөнелді. Оған қарайтын шам-мол жоқ, ізім өкшелей құған ит ертен неміс автоматшылары, тек құтылуы ойландым. Жан-таласа соғысып, жаудан қара үздік, отрядқа келгесін қаруластарыма «Аркамдағы бала қимылдамайтын сияқты, шешіп алып көріңіздерші» дедім. Сөйтсем оған жау оғы тиіп, о дүниелік болып кеткен екен» депті. Күйеуі хабарсыз кетіп, ал ұлынан көз алдында айырылған Тұрғаш енді жауға одан сайын кектенге түседі.

Ол Отан соғысы тарихында маңызды ұрыстардың бірі болып саналатын Одер маңындағы шайқасқа қатысады. Жауды терең тылына Одер өзенінің маңына оларды бір түні ұшақпен апарып салады. Бұлар сол маң жаудан тазарғанша өздеріне жүктелген жауынгерлік міндетті абыроймен орындайды. Орталық қару-жарақ, дәрі-дәрмек, азық-түлікпен, қажетті жарактармен, киім-кешекпен қамтамасыз етіп, үнемі байланыс болып, жаралылар әкетіліп отырады. Бірде шағын топ із жасыру мақсатымен орманда келе жатқанда жау қолына түсіп қинап жауап алса да, ұрып-соқса да жөндерін айтпайды. Бұдан соң оларды «өлім лагеріне» айдайды, бір-екі ер кісіні сол жерде атып тастайды.

Лагерде жұмысқа салады, бірнеше тілге жетік болғандықтан, Тұрғаш асханаға ыдыс-аяқ жуушы болып орналасады. Тұтқындарға тамақ бермейді. Ол неміс солдаттары асханасынан тамақ

ұрлап алып шығып, түнде баракка келгенде қасындағыларға үлестіріп отырады. Бірде баракқа қайтып келе жатып, қоршау ішінде тұтқындардың ағаш жапырағын жеп тұрғанын көріп, ұрлап әкеле жатқанын соларға лақтырады. Неміс солдаттары көріп қалып, бұрап қолын сындырады. Алайда барактағы тұтқын әйелдер арасынан сынықшы табылып, мұның қолын емдеп шығады. Арада екі-үш айдай уақыт өткен соң бұларды партизандар құтқарып алады да, ол бұрынғы отрядына қосылады.

Деректерге сүйенсек, Тұрғаш 1945 жылы тамыз айында елге оралады. Оның елге келуіне қатысты Шайхы Жүсіповтің естелігінде біраз мағлұматтар айтылады. Жеті жыл елде болмаған, орыс, украин, неміс, белорус тілдерін жетік білген оның ауылға келген сәтте қазақшаға қиналғанын айтады. «...Тұраштың кімдері әлі де көз алдымда. Үстінде гимнастерка, иығында погон, басында пилотка, шашын қысқа қиған, юбкасы, аяғында хром етігі, белінде былғары белбеуі бар...» деп суреттейді Ш.Жүсіпов.

Бұдан соң екі-үш ай өткесін Батырхан да елге оралады. Сонда Тұрғаш «Батырханды партизан болып жүргенде кездескенде атып тастар едім. Баламен екі жыл азар шегіп, қанша қиналдым. Соғыс басталмай тұрып елге апарып таста деп қанша жалынғанмен тыңдамады, ақыры ұлымнан айырылдым...» депті. Жаны күйген ана осылай демегенде, не десін?!

1945 жылы аудан орталығындағы балабақшаға меңгеруші болып қызметке орналасқан Т.Жұмабайқызы 1947 жылы өмірден озады. Соғыс салған жара жазылмай бақилық сапарға аттанып жүре берген қазақ қызының, Сыр аруының тағдырына қатысты, өмір жолына байланысты әлі талай зерттеулер жасалар, әлі талай еңбектер жазылады деген үмітпен қорытынды жасап, ой түйеміз.

Көнекөздердің айтуынша, Тұрғанбике дүниеден өткеннен кейін Батырхан Түркістан әскери округінде қызметін жалғастырған. Отбасын құрып, зейнет демалысына шығып, Алматы қаласында тұрған көрінеді. Осы мақаланы жазуда ауданымыздың байырғы тұрғыны, бұл күндері Қызылорда қаласында тұратын сексенге жасындаған Тұраш Ақшамұратов ақсақалдан білгенін сұрадым.

– Мен 1972 жылы Алматыдағы жоғарғы оқу орнында оқып жүргенде Бұқарбай батыр ауылының тұрғыны Оразалы мен Әйелі Жәміланы ертіп Батырхан ағаның үйіне алып барған едім деп еске алған болатын.

Сексенінші жылдардың басында Жалағаш қыстағында Батырханның немере қарындасы, аудандық байланыс бөлімінде телефоншы болып жұмыс атқаратын Қалдаш Қаражігітовамен көрші тұрдық. Сонда Қалдаш Алматыда тұратын ағамның үйіне барып келдім деп жүретін. Ал, соғыстан жеңіспен оралған партизан Тұрғанбикені алғаш көріп, оның әскери киіміне таңалған және сөзін естіген Шайқы сексенінші жылдардың соңында дүниеден өткен.

Сұм соғыста арман ерте сенді, миллиондаған боздақтар жерде көз жұмды. Талай аналар жары мен бауыр еті баласынан айырылды. Уақыт өткен сайын тарих беттері сарғайып, адамзат баласына қайғы-қасірет алып келген екінші дүниежүзілік соғыста еліміздің азаттығы мен бостандығы үшін жандарын қиған ерлердің есімдері көмескіленіп барады. Елеусіз қалған есімдерді халқына қауыштыру, олардың майдандағы жан қиярлық ерлігін бүгінгі, келешек ұрпаққа хабарлар ету аға ұрпақтың міндеті деп білемін. Осы тұрғыда жалағаштық Тұрғанбике Жұмабайқызы алда келе жатқан Жеңістің 75 жылдық мерекесі қарсаңында еліміздің тарихынан өз орнын алады деген үміттеміз.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының құрметті азаматы.

Бүгінде өзі де жетпісті бағындырған Бақыт
апа сүйікті әжесі Фатиманы еске алғанда көзіне еріксіз жас үйіріледі. Нағашы әжесінің ауыр тағдыры кейде түсіне кіріп, көңілі босап оянады. Фатима әженің жан дегенде жалғыз ұлы соғысқа аттанып, майданнан оралмады. Ғазиз ана бауыр еті баласын келеді деп күтуден болды. Белгілі композитор Алтынбек Қоразбаевтың «Қара кемпір» әнінің кейіпкері тәрәзді Фатима әже де өзі өсірген төрт түлікті баласына бәсіре етіп жүреді екен.

КҮТҮМЕН ӨТКЕН ҒҰМЫР



Кейуананың ұлы Кәрбоз Үдіреєв 1941 жылы 19 жасында Шаған ауылынан Теренөзек аудандық әскери комиссариат арқылы майданға аттанады. Жауынгерден бір жылға дейін үшбұрышты майдан хаттары келіп тұрады да, содан соң сап тыйылады. «Ерлікпен қаза тапты» деген қара қағаз да келмейді. Күндер өтіп жатады. Көптен күткен Жеңіс күні де келіп жетеді. Бірақ Кәрбоз ағамыз майданнан оралмады. «Кебенек киіп кетіп еді, балам келіп қалар» деп Фатима әже үмітін үзбейді. Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан. Болмағасын кіші қызы Жалғастан туған жиен немересі Бақытты бауырына басады.

– Балдәурен балалық шағым Шағанда Жәдігер мен «Токал өзек» арнасының бойында өтті. Әжемнің бауырында өстім. Ол кездің адамдары керемет мейірбан жандар еді. Біз алдында әжем екеуіміз кішкентай шағын үйде тұрдық. Кейін әжемнің қайыннісі Қардаш көкем бізді өз отбасына көшіріп алды. Көкемнің жұбайы Дүйсен жеңешем бауырмал, адамгершілігі мол, ақкөңіл жан еді. Өзінің төрт қыз, үш ұлы болса, мен сегізінші баласы болдым. Құрт-майын бірінші менің аузыма тосатын. Сол асыл жеңешем атымды атамайтын. «Аппак енемнің қара қызы» дейтін. Құлаққа жағымды естілетін осы сөз күні бүгінге дейін жадымда жаңғырып тұрады. Кейін мен мектепке баратын болған соң «Қызылдиқанға» әке-шешемнің қолына келдім. Әжем де менімен бірге келіп, бізбен тұрды. Шағаның, баласының жүрген жерін аңсағанда барып келетін. Қызылдиқанға да үйренді. Шағанмен де қарым-қатынас жасап тұрды. Әсіресе, әкем Әбдірәш күйеу баласы болса да, әжеме туған анасындай қарады. Мен балалы-шағалы болған кездің өзінде Қардаш көкем екі-үш ай сайын Теренөзекке келіп, жағдайымды біліп кететін. Сондай бауырмал жандар еді. Балаларына да жақсы тәрбие берді. Қызы Күләш Әсімова күршітен тау тұрғызып, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Қазір қарашанырақта ұлы Мұхтар тұрады, – деп Бақыт апай балалық шағын еске алды.

Балдәурен балалығы Шағанда өткен Бақыт апа кезінде бірге ойнаған ұл-қыздарды да қимастықпен еске алды. «Токал өзектің» бойында Әсем, Күләш, Ұлдаш, Күләйхан, Күлшира, Балдырған, тағы басқа да құрбыларымен бірге ойнап, бірге өскен. Әжесінің қатарлары Айтжанкүл, Ажаркүл, Қарамейіз, Күлән әжелер және Жамал әке – кеуделері алтын сандық қарттар екен. Теренөзектік Бағдардың әкесі Хүсейін (негізі шағандық) ақсақал Бақыт апаны көрген сайын «Киенжан, бет-әлпетің Кәрбоз нағашыңа келеді. Ол жігіттің төресі еді. Қарулы

болатын. Жігіттер бір кетпен тастағанда Кәрбоз екі-үш кетпен тастайтын» деп еске алатын.

Фатима әже балаларды емдейді екен. Қасқырдың өтіп, аяғын, қоянның қиын, сондай-ақ жантақ, жебілген, тағы басқа шөптерді жинап, емдік тұнбалар жасапты. Кейуана соғыстан оралмаған жалғыз ұлы Кәрбозды келеді деп отыз жыл күтіпті. Кейде өзімен өзі күбірлеп: «Жағыпар, Тотан, Кәмет келді, жалғызым-ау, неге келмейсің?» деп көз жасын сығып жүреді екен. Шағанда Фатима әжені Бақыт қатарлы балалар «ақ әже» десе, келіндері «аппак ене» деп атаған. Соғыстан қайтпаған Кәрбозын күтуден ғазиз ана 1971 жылы 86 жасында дүниеден озыпты. Кейуанаға анасындай қараған Бақыттың әкесі Әбдірәш пен анасы Жалғас арулап қойыпты.

Фатима әже қайтыс болғаннан кейін Құран кітабының арасынан жалғыз ұлының сарғайған хаттары мен әскери киім киіп түскен суреті шыққан. Бақыт апа Байжүнісова анасының жалғыз ағасы жауынгер Кәрбоз Үдіреєвті әжесінің аманатымен күні бүгінге дейін іздегіріп келеді. Бұл көп жылғы ізденісі нәтижесіз де емес. Бақыт апа үлкен немересіне әжесінің құрметіне Фатима деген есім берді. Бұрын Теренөзектегі «Мәңгілік алау» жанындағы ескерткіш тактада Кәрбоз Үдіреєвтің есімі бар болатын. Кейін жаңартқан кезде ұмыт қалған болуы керек, тізімде жоқ болып шықты. Бақыт апа Ұлы Жеңістің 70 жылдығында жауынгер К.Үдіреєвтің есімін ескерткіш тактаға қайта жаздыртты. Майданда хабарсыз кеткен қарарман солдаттың аты туған ауылы Шағандағы тізімде жазулы тұр. Сондай-ақ, есімі «Боздақтар» кітабына енгізілген. Осыдан екі ай бұрын Б.Байжүнісованың кіші ұлы Серікбол ғаламтор арқылы туған нағашысының қабірін тапты. Сөйтіп Бақыт апа Ұлы Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында үлкен қуанышқа кенелді.

– Ақыры бір дерегін таптым-ау асыл нағашымның. Әжемнің аңсаған арманы орындалды деген осы. Денсаулығымыз түзетіп алған соң, туған жердің топырағын алып, нағашымның мәңгілік мекеніне айналған орынға барып қайтулы ойлап отырмын, – дейді Бақыт апа.

Ерлікпен қаза тапқан жауынгер Кәрбоз Үдіреєв Ресейдің Саратов облысы Киров ауданының «Воскресенская» атаулы бауырластар зиратына жерленген. Ер жүрек жауынгер 1942 жылдың 7 қарашасында ауыр жаракат салдарынан қайтыс болған. Мәңгілік мекені бауырластар зиратының солтүстік шығысында орналасқан.

Он тоғыз жасында ел қорғауға аттанған есіл ерге топырақ жат жерден бұйырды. Артында анырап анасы қалды. Соғыстың салған сойқаны осындай. Оның жүрекке салған қарашының жазылуы қиын. Дегенмен, әжесінің аманатына адал болған Бақыт апаның 80 жылға жуық уақыттан кейін нағашысының дерегін тыныбай іздегіріп жүріп табуы – ел есінде қаларлықтай оқиға. Ел үшін опат болған боздақтың аруағы риза болсын дейміз.

Шаһарбек НҮРСЕЙІТОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Сырдария ауданы.



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ 2020 жылғы 21 сәуір №420 Қызылорда қаласы

кезеңтен тыс 44-сессия

«2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 374 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

«Қазақстан Республикасының бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 106-бабының 4-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ** қабылдады:

1. «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 374 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7037 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 26 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің заңдық бақылау банкіде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «1. 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 282 930 017,2 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 8 727 358,0 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 2 140 076,9 мың теңге; негізгі капиталда сатудан түсетін түсімдер – 8 925,0 мың теңге; трансферттер түсімі – 272 053 657,3 мың теңге; 2) шығындар – 293 465 335,1 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 23 950 833,7 мың теңге; бюджеттік кредиттер – 28 116 200,7 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 4 165 367,0 мың теңге; 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 850 294,0 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 850 294,0 мың теңге; мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0; 5) бюджет тапшылығы (профициті) – –35 336 445,6 мың теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 35 336 445,6 мың теңге.»;

4-тармақ жаңа мазмұндағы 12), 13), 14) тармақшаларымен толықтырылсын:

«12) АИТБ-инфекциясы бар балаларға әлеуметтік көмек көрсету; 13) әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға қолдау көрсету орталығының қызметін қамтамасыз ету; 14) су шаруашылығы нысандарын құжаттандыру»; 5-тармақ жаңа мазмұндағы 14), 15), 16) тармақшаларымен толықтырылсын:

«14) қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру; 15) шағын және орта бизнес субъектілерінің салықтық жүктемесін төмендетуге байланысты шығындарды өтеу;

16) 2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамтудың жол картасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, инженерлік-көліктік инфрақұрылым объектілерін, әлеуметтік-мәдени объектілерді жөндеу және елді мекендерді абаттандыру; 7-тармақ жаңа мазмұндағы 9), 10) тармақшаларымен толықтырылсын:

«9) «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерді әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру;

10) 2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамтудың жол картасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін, инженерлік-көліктік инфрақұрылым объектілерін, әлеуметтік-мәдени объектілерді және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салу және (немесе) реконструкциялау»;

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «10. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2020 жылға арналған резерві 1 087 446,4 мың теңге сомасында бекітілсін»;

жаңа мазмұндағы 10-2 тармақпен толықтырылсын: «10-2. 2020 жылға арналған облыстық бюджетте 2 789 220 мың теңге төтенше жағдай режимін енгізуге байланысты аударалар мен Қызылорда қаласы бюджеттерінен трансферттердің түсімдері көзделсін.»;

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 44-сессияның төрағасы	Ж.Ыскақ.
Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы	Қ.Бисенов.

Қазақстан Республикасының Әділет министрілігі Қызылорда облысының қаласының Әділет департаменті Нормативтік құқықтық акті 22.04.2020 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 120000-120008-7404 болып енгізілді

Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 420 шешіміне қосымша Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы «12» желтоқсандағы 40-сессиясында № 374 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған облыстық бюджет

Саты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1. Кірістер	282 930 017,2
			Салықтық түсімдер	8 727 358,0
1		01	Табыс салығы	3 979 160,0
		2	Жеке табыс салығы	3 979 160,0
		03	Әлеуметтік салық	3 635 538,0
		1	Өлеуметтік салық	3 635 538,0
05		1	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 112 660,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 064 206,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	48 454,0
2			Салықтық емес түсімдер	2 140 076,9
		01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	63 316,0
		1	Мемлекеттік қоспоярындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	10 035,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	11 397,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген қызметтер бойынша сыйақылар	41 884,0
			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімдұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	607 430,0
04			Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімдұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	607 430,0
		06	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 469 330,9
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 469 330,9
3			Негізгі капиталда сатудан түсетін түсімдер	8 925,0
		01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	8 925,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	8 925,0
4			Трансферттердің түсімдері	272 053 657,3
		01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	3 873 712,3
		2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	3 873 712,3
		02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	268 179 945,0
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	268 179 945,0
Функционалдық топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
			Бағдарлама	Атауы
		2. Шығындар		293 465 335,1
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 490549,3
		110	Облыс мәслихатының аппараты	64713,0
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	64713,0
		120	Облыс әкімінің аппараты	1 683 451,4
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 515 782,0
			Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	13 048,4
007			Аудандық маңызды бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	19 972,0
009			Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	134 649,0
013			Облыстың қаржы басқармасы	126 600,0
257			Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	125 117,0
		001	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 483,0
258			Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	221 660,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	172 310,0

		061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешенік әріптестік, оның ішінде қоғамдық қосынының арналында құжаттамамен сарптау және бағалау	49 350,0
		263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	168 675,0
		078	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	168 675,0
		282	Облыстың тексеру комиссиясы	250 280,0
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	247 620,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 660,0
		288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	684 441,2
		061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	684 441,2
		289	Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	154 923,7
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	150 870,7
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 053,0
		718	Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	79 659,0
			Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алушы басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	79 659,0
		730	Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоныр» кеңесіндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы	56 146,0
		001	Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоныр» кеңесіндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	56 146,0
02			Қорғаныс	1 825 844,9
		296	Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы	1 720 844,9
		001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	64 421,0
		003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	11 426,0
		005	Облыстық аумақтағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	222 277,0
			Аумақтық қорғанысты дабындау және облыстық аумақтағы аумақтық қорғаныс	107 564,0
		014	Облыстық аумақтағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	1 315 156,9
		287	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәжілетті органдардың аумақтық органы	105 000,0
		002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	105 000,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	8 109 540,3
		252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	7 846 860,3
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 208 310,1
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын қызметкерлер	3 065,0
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 635 485,2
		288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	262 680,0
		053	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	262 680,0
04			Білім беру	53 612 340,6
		120	Облыс әкімінің аппараты	32 395,0
		019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	32 395,0
		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	841 360,0
		003	Қарлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	98 640,0
			Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	666 277,0
		057	Ұйымдарында маманар даярлау	76 443,0
			Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	76 443,0
261			Облыстың білім басқармасы	44 559 891,6
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	211 959,1
		003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 328 792,0
		004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	12 593,0
		005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кеңештерді сатып алу және жеткізу	19 693,0
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жағымды білім беру	1 463 178,0
		007	Облыстық аумақта мәктөп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	548 669,9
		012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	382 896,2
		019	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары қорсеткіштері үшін гранттар беру	17 091,0
		025	Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында маманар даярлау	9 032 678,0
		029	Әдістемелік жұмыс	168 482,2
			Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қаржылардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау»	1 559 592,0
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	114 458,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 205 440,0
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нисаналы ағымдағы трансферттер	26 494 369,2
		285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	4 000 152,3
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	3 546 891,3
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттың арнайы балаларға жалпы білім беру	453 261,0
		288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	4 178 541,7
		011	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	317 788,6
		012	Басқушы, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	3 188 595,1
		069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	672 158,0
05			Денсаулық сақтау	7 838 506,9
		253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	5 635 140,9
			Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	200 395,1
		001	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	228 704,0
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	199 885,0
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТС-ті алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	158 871,0
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	57 317,0
			Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	26 099,0
		018	Ауылдық жерлерге жұмыс істеуге жіберілген медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	26 590,0
		027	Халыққа имундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық имундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	2 118 090,0
		029	Облыстық арнайы медициналық жабықтау бөлімдері	48 330,4
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	1 242 690,7
		039	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық амбулатория және медициналық қызметтерді көрсетуі және Сал-орталықтардың қызмет көрсетуі	227 931,0
			Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету	853 618,7

	042	Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жымнықты құрамалықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	995,0
	050	Қаржы лизинг шарттарында сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеу	195 624,0
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 203 366,0
	038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	2 203 366,0
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	25 042 022,4
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	24 644 202,9
	001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	125 023,0
	002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	365 218,0
	003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	1 329 691,0
		Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық мекемелерде ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 108 574,1
	013	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	440 036,8
	014	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	489 111,0
	015	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	194 755,0
	018	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған, ағымдағы іс-шараларды іске асыру»	3 968,0
	046	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жасақтау	7 804,0
	053	Қолқарбалық имплаттанға дәлел сөйлеу процесін қолдайтын құрылғы және құрылғы бойынша қызмет көрсету	118 818,0
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	69 710,0
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	20 391 494,0
261		Облыстың ішкі саясат басқармасы	277 973,0
	015	Жетім балаларды, аға-анасын қолқарбалықсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	204 837,0
	037	Әлеуметтік сауықтандыру	73 136,0
263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	48 535,0
	077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жасақтау	48 535,0
295		Облыстың еңбек саласындағы бақылау басқармасы	71 311,5
	001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	71 311,5
07		Түрғын үй-коммуналдық шаруашылық	22 346 993,2
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	15 063 297,7
	001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	182 378,7
	010	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	861 290,0
	030	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінде мекемелердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 846 866,0
	032	Ауыз сумен жабдықтаудың балама-сыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызы топық және жергілікті қызметтердің ауысу бөлім жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	3 273 927,0
	038	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	3 344 944,9
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 051 725,9
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	2 445 726,2
	114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	1 056 439,0
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	7 283 695,5
	014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінде коммуналдық тұрғын үйлерінің тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	7 282 993,5
	030	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	702,0
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	11 497 405,9
263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	1 019 283,9
	001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	216 472,0
	007	Мемлекеттік аппараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	711 491,0
	010	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының біртұтас елдігі туралы дамыту	79 534,0
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	11 786,0
273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	3 357 546,6
	001	Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	75 012,2
	005	Мәдениет-демалыс жұмысын қолдау	162 998,0
	008	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	628 041,0
	009	Театр және музыка өнерін қолдау	853 545,0
	010	Облыстық қатнақшалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	252 912,0
	010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	319 823,8
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	358 646,1
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	706 568,5
283		Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	351 002,2
	001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	26 229,0
	005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	232 933,2
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	91 840,0
285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	4 059 098,2
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	332 303,9
	002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	126 600,0
	003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	3 419 939,0
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	138 612,4
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	40 642,9
	114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	1 000,0
288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 093 834,5
	024	Спорт объектілерін дамыту	929 444,8
	027	Мәдениет объектілерін дамыту	1 164 389,7
289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	1 205,4
	010	Туристік қызметті реттеу	1 205,4
743		Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы	615 436,0
	001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	123 196,0
	008	«Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету	492 240,0
09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	5 849 389,2
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	5 849 389,2



ЖЕҢІС-75

ҚАУІПСІЗДІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕГІ

Биыл Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 75 жыл толады. Сұрапыл соғысқа қатысқан азаматтарының есімдері мен ерлігі ұмтылмақ емес. Кеңес Одағының жауынгерлері Брест қаласынан бастап Берлинге дейін барды. Сөйтіп, Рейхстагқа Жеңіс туын тікті. Алайда, бұл жеңіс оңай келген жоқ. Бес жылға созылған соғыс елімізге зор қайғы-қасірет алып келді. Соғысқа аттанған 1 млн 200 мың қазақстандықтардың тең жартысы қан майданда шейіт болды. Схм соғыс талай отбасының іргесін шайқап кетті.

Ана перзентінен, әйел жарынан, бала әкеден мәңгілікке айырылды. Қазақстандықтармен бірге қызылордалықтар да кеуделерін от пен окқа тосты. Облыстан 150 мыңға таяу азамат майданға аттанып, содан 30 мыңнан астам арыс елге қайтып оралмады. Тарихи деректерге қарағанда, жерлестеріміз нағыз оттың ортасында жүріп, теңдесі жоқ жауынгерлік ерлік көрсеткен екен. Соғыс кезінде 20 мың қызылордалық майдандағы ерлігі үшін ордендер мен медальдарға ие болған. Сонымен қатар, облыс тұрғындары өздерінің 21 жерлесінің Кеңестер Одағының Батыры болғанын мақтан тұтады.

Айта кету керек, соғыс жылдары ұлан-байтақ аймағымыз тұтастай майдан даласына айналды. «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін» жалпыхалықтық ұранға айналып, аймақтағы барлық шаруашылық қысқа мерзімде соғыс жағдайына бейімделіп, қайта құрылды. Сөйтіп, тыл мен майдан тығыз байланыстырылып, барлық кәсіпорындар, мекемелер, колхоздар мен совхоздардың қызметі майдан мақсатына бағындырылды. Облыстағы бір-қатар кәсіпорындар соғыс қару-жарақтарын жасап шығаратын болды.

Айталық, облыстық кәсіпшілік кеңесінің артельдері мен шеберханалары соғыс киім-кешектерін тіксе, Қызылорда мен Қазалы темір жол деполары мина мен кол гранаталарын жасап шығара бастады. Сонымен қатар, эвакуациялау арқылы сырттан көшіп келген мекемелер мен еңбекшілерді қабылдау және орналастыру жұмыстары жүргізілді. Қазақстанға көшірілген 142 кәсіпорынның 11-і Қызылорда облысына келді. Бұлардың ішінде екі паровоз жөндеу шеберханасы, үш консерві заводу, электржабдықтар, механикалық заводтар болды. Сонымен қатар, Қызылорда қаласына Украинаның біріккен университеті (құрамында Киев және Харьков университеттері бар), Мәскеудің ауыл шаруашылығын механи-

каландыру және электрлендіру институты келді.

Ауыл шаруашылығында да елеулі өзгерістер болды. Тек, 1942-1944 жылдары мемлекетке және қорғаныс қорына 53600 центнер ет, 2800 центнер май, 3870 центнер жүн, 254800 дана мал терісі соғыстан бұрынғы көрсеткіштен едәуір артық көлемде тапсырылды. Сол жылдары «Правда» газеті «Майданда қазақтар жақсы соғысуда, олардың ата-аналары, әйелдері тылда жақсы жұмыс істеуде. Қазақстан өз жерінің барлық байлығымен, жерінің барлық қазынасымен майданды қолдауда» деп жазды. Бұл барлық қазақстандықтарға берілген жоғары баға болса керек.

Соғысқа дейін облыс аумағына сырттан 36542 адам көшіп келді. Басым көпшілігі күштеп көшірілген еді. Солардың қатарында бұрын сотты болғандар, дүние-мүлкі тәркіленіп, жер аударылған кулактар, «халық жауы» атанғандардың отбасылары, депортацияланған кавказ халықтары, сондай-ақ майдан түбіндегі елді мекендерінен көшірілген немістер, поляктар, жапондар, корейлер, еврейлер және басқа ұлт өкілдері болды. Әрине, кейбірінің Кеңес өкіметінің іс-әрекетіне наразылық білдіріп, дұшпандық қалыпта болғаны айтпаса да түсінікті. Сондықтан да, олар қауіпсіздік органдарының бақылауында болғаны рас.

Ұлы Отан соғысы жылдары КСРО НКВД-НКГБ және жергілікті органдары барлау және қарсы барлау қызметінен бөлек, халықтың көңіл-күйі мен хал-ахуалына талдау жүргізу және ауыл шаруашылығының барлық салаларына бақылау орнату арқылы анықталған кемшіліктер бойынша партия органдарын қаз-қалпында үздіксіз хабарлар етіп отырған. Сонымен қатар, антикөңестік көзқарастағы элементтерге, фашистерді және жеңілуді қолдаушыларға, сыбыс таратып арандатушыларға қарсы жұмыс істеген. Мысалы, 1941 жылдың 12 қарашасы күні халық арасында үрей тудыратын



Қазақ ССР МКК-ның облыстық басқармасының бастығы полковник К.Бишімбаев, Кеңес Одағының Батыры Н.Лиясов, соғыс ардагерлері подполковник А.Әлменов және майор Н.Прачкин.

жалған хабар таратып жүрген екі кісі ұсталған. Қауіпсіздік органдарының анықтамасында былай делінген: «19 октябрь 1941 года старший инспектор райфо Ширданов Мырзахан распространил ложный слух такого содержания: «В клубе, в присутствии людей, сказал: «Разве вы не слышали, ведь советское правительство оставило города Москва и Ленинград. Поэтому поводу по радио произнес речь генерал-майор, начальник Кремля, который заявил, что мы оставляем Москву и Кремль в течение 72-х часов, чтобы избавиться от разрушения. И теперь столица СССР не Москва, а Ташкент...». Поэтому делу арестованы 2 человека – старший бухгалтер РПС Рысбаев и старший налоговый инспектор райфо Ширданов. Следствие закончено и дело передано в военный трибунал».

Облыстық және аудандық қауіпсіздік органдары мемлекеттік және қоғамдық меншікті қорғау жұмыстарымен қатар облыс көлемінде орын алған бандитизммен де, қарақшылық қылмыстармен де ымырасыз күрес жүргізді. Әске-рі міндеттер мен майдан даласынан қашқан дезертирлерге байланысты арнайы іс-шараларды жүзеге асырды. Мысалы, қауіпсіздік органдарының Қазақстан КП(б) ОК-нің хатшысы Скорцовқа жолдаған хатында былай делінген: “Управлени-ем НКВД по Кызылординской области в средних числах декабря т.г. в пещках Кара-Кумов оперативно ликвидирована вооруженная бандгруппа числен-

ностью 11 человек, состоящая из дезертиров Красной Армии и лиц, уклоняющихся от призыва и мобилизации”. Сонымен қатар, қызылордалық чекистер эвакуациялау кезінде жаппай көшіп келген мекемелер мен жұмысшыларды орналастырып, оларды үй-жаймен және азық-түлікпен қамтамасыз ету жұмыстарына белсенді араласты. Ата-анасыз, жетім қалған балаларды “Балалар үйіне” орналастырып, оларға айтарлықтай қамқорлық жасады. Осындай қауіпсіздік органдарының соғыс жылдарында атқарған қыруар жұмыстарын дәлелдейтін деректер облыстық және аудандық мұражайларда жеткілікті.

1942-1944 жылдары фашистердің барлау органдары жалпы ниетпен Қазақстанға ұшақ арқылы диверсант-агенттерін жіберіп отырғаны жалпыға мәлім. Қауіпсіздік органдарының деректеріне қарағанда, қазақстандық чекистер 31 фашистік диверсант-агентті қолға түсіріп, 5 диверсант атысу кезінде жойылып, қалғандарын КСРО Әскери трибунал ату жазасына кескен. Мысалы, 1944 жылғы 3 мамырда Гурьев пен Ақтөбе облысының шекаралас аймағына неміс армиясының оберлейтенанты Әлихан Агеев басқарған топ түсіріліп, басым көпшілігі жергілікті қауіпсіздік органдарына беріліп, қалғандары атысу кезінде жойылған.

Осындай диверсант-агенттердің үшеуі Қызылорда облысында тұтқындалып, тергеуте алынған. Солардың бірі неміс агенті Мырзағалиев Әбдікәрім тергеуге берген жауабында былай дейді: «Я был отобран в

роту СС при «Туркестанском легионе» и содержался отдельно от остальных легионеров. Рота состояла из 3-х взводов. Мы проходили стройподготовку, радиодоле, а также изучали историю Туркестана и немецкого государства. При высадке в Казахстан нас снабдили, кроме одежды, оружием: пистолетом, пистолет-пулеметом и финским ножом, а также портативной радиостанцией, деньгами по 60 тысяч каждому и фактивными документами. Мне выдали паспорт на имя Умарова Карима. Мы должны были приспособиться к местным условиям и сами решать как лучше выполнить порученное задание. В случае невозможности выполнить задание мы должны были перейти линию фронта и вернуться к немцам...».

Жалпы Ұлы Отан соғысы жылдары қызылордалық чекистердің жанкешті еңбегінің арқасында сеніп тапсырған аймақта Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтерілістер, жаппай тәртіпсіздік, террорлық актілер мен зиянкестік іс-әрекеттер орын алған жоқ.

Соғыстан кейінгі жылдары майданнан аман келген азаматтардың бірқатары сол кездегі мемлекеттік қауіпсіздік органдарына қабылданып, елінің тыныштығы мен қауіпсіздігіне адал қызмет етті. Осы уақытқа дейін соғыс және қауіпсіздік органдарының ардагерлері А.Әлменов, М.Арынғазиев, А.Бәкіров, Я.Бикинцев, Е.Бигілеуов, С.Галкин, Б.Джупаров, Т.Ыдырысов, А.Кәрібаев, А.Қузьменко, Н.Прачкин, П.Үдербаев, Н.Н.Шастов ағаларының

есімдерін жас қызметкерлер аса құрметпен еске алып отырады. Облыс көлемінде шетелдік барлау қызметкерлерінің әрекетіне қарсы тосқауыл қою және әшкерілеу бағытында ардагерлер ұйымдастырып, жүзеге асырылған жедел шаралар – әлі күнге дейін жастар үшін кәсіби сабақ. Олар отставкаға шыққаннан кейін де тәуелсіз мемлекетіміздің қауіпсіздік органдарынан қол үзбей, өздерінің мол тәжірибесімен бөлісіп, жастарды тәрбиелеуге белсене араласып жүрді. Жеңіс күніне байланысты жылда басқармада арнайы іс-шаралар өткізіліп, соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетілетін еді. Осындай мерекелік іс-шараларының біріне жерлесіміз, Кеңес Одағының Батыры Нағи Лиясов ағамыз келген болатын. Ол 1945 жылы Мәскеуде өткен алғашқы Жеңіс парадына қатысқан, Венгрия қаласы Будапеште оның есімімен көше аталған, Қызылорда облысының сыйлы азаматы. ҰҚК-нің облыстық департамент мұражайында оның чекіст-ардагерлермен бірге түскен естелік фотосуреті сақталып қалған екен, баста бетінде жариялауды жөн көрдік.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаменті ардагерлер кеңесінің бастамасымен Жеңістің 70 жылдығына байланысты дүниеден өткен ардагерлердің құрметіне ас беріліп, марқұмдардың аруақтарына дұға оқылып, құран бағышталған еді. Естелік асқа облыстық және қалалық ардагерлер кеңесінің басшылары, қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен еске алушылардың жақын туыстары қатысты. Аса құрметпен Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімдері аталды. Олардың ерлік істерін ешқашан ұмытуға болмайды. Алда Ұлы Жеңістің 75 жылдығы аталып өтеді. Осы маңызды датаға байланысты Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагерлер кеңесі соғыс ардагерлеріне арналған мемориалдық тақта орнату туралы басшыларға ұсыныс жасаған болатын. Жұырда департамент ғимаратының алдындағы алаңға соғыс ардагерлерінің есімдері қашап жазылған мемориал ескерткіш орнатылды. Осыған байланысты жақын ағайын-туыстары департаментке шақырылып, еске алу шаралары өткізілді. Қанша жылдар өтсе де, соғыс салған жарасы естен кетпейді екен.

Әмірхан БӘКІРҰЛЫ,
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті ардагері, отставкадағы полковник.

2020 жылға арналған облыстық бюджет

		Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу.	963 532,9
	028	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	2 250 713,0
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	10 787 714,2
	114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	875 010,0
	13	Басқалар	9 183 495,2
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	919 986,0
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	919 986,0
	254	Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	242 949,0
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	242 949,0
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	137 472,0
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	137 472,0
	257	Облыстың қаржы басқармасы	1 087 446,4
	012	Облыстық жергілікті атқарушы органның резерві	1 087 446,4
	258	Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	125 160,0
	003	Жергілікті бюджеттің инвестициялық экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ жекетті сараптамадарын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелеу	125 160,0
	261	Облыстың білім басқармасы	1 116 979,0
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	1 116 979,0
	268	Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	37 635,0
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	37 635,0
	273	Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	53 793,0
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	53 793,0
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	1 506 078,0
	024	«Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	15 804,0
	037	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту	120 775,0

6-бет.

		Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	561 861,0
	052	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	807 638,0
	280	Облыстың индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	85 486,0
	001	Жергілікті деңгейде индустриялық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	85 486,0
	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	143 087,0
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	143 087,0
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	182 117,8
	051	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	65 908,8
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	116 209,0
	289	Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	3 460 975,0
	005	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	10 500,0
	006	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	2 856 411,0
	015	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	535 264,0
	027	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру	37 800,0
	082	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру	21 000,0
	743	Облыстың шифрлық технологиялар басқармасы	84 331,0
	096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	84 331,0
	257	Боршықа қызмет көрсету	29 677,0
	004	Облыстың қаржы басқармасы	29 677,0
		Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	21 925,0

		Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша шайқалатын мен өзге де төлемдері төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	7 752,0
15	257	Трансферттер	105269897,3
	007	Облыстың қаржы басқармасы	105 269 897,3
	011	Субвенциялар	96 639 278,0
	011	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	451 728,8
	017	Нысаналы мақсатқа сәйес пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару	999,9
	024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	4 693 718,0
	026	Заңнаманы өзгертуіне байланысты жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджеттерге етемақыға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 701 887,0
	053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен берілген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	782 285,6
	06	3. Таза бюджеттік кредиттеу	23 950 833,7
		Бюджеттік кредиттер	28 116 200,7
	261	Жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру	15 659 110,7
	088	Облыстың білім басқармасы	2 788 324,9
	273	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру	2 788 324,9
	088	Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	170 644,6
	279	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру	170 644,6
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	4 513 254,6
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру	4 513 254,6
	268	Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	3 015 046,5
	279	Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	3 015 046,5
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	5 171 840,1
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру	5 171 840,1
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6 853 014,0
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	3 043 284,0
	048	Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру	963 834,0

	087	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кондоминиум объектілерінің ортақ мүлікке жүргізілетін жөндеу жұмыстары беру	2 079 450,0
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	3 809 730,0
	009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерін тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру	3 809 730,0
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	5 354 076,0
	255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	3 103 376,0
	037	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдеу үшін бюджеттік кредиттер беру»	3 103 376,0
	258	Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	2 250 700,0
	007	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	2 250 700,0
13		Басқалар	250 000,0
	289	Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	250 000,0
	069	Облыстың орталықтарда, моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдеуге кредит беру	250 000,0
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	4 165 367,0
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	4 165 367,0
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	4 165 367,0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша салық	850 294,0
		Қаржы активтерін сатып алу	850 294,0
	13	Басқалар	850 294,0
	254	Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	58 437,0
	065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	58 437,0
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	791 857,0
	065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	791 857,0
6		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		5. Бюджет тапшылығы (профицит)	-35 336 445,6
		Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициттің пайдалану)	35 336 445,6
7		Қарыздар түсімі	37 212 814,0
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	37 212 814,0
	1	Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар	28 565 454,0
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	8 647 360,0
16		Қарыздарды өтеу	3 772 178,0
	257	Облыстың қаржы басқармасы	3 772 178,0
	008	Жергілікті атқарушы органның борышы өтеу	2 115 848,0
	015	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышы өтеу	1 656 330,0
8		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	1 895 809,6
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	1 895 810
	1	Бюджет қаражатының қм қалдықтары	1 895 810



● АТАКӘСІП

ДАУЫСЫ МАЛДЫ АУЫЛДЫҢ ҚҰЛАҒЫМДА

Сезім мен сұлулық тұнған биылғы көктемнің қызығын жоғалтпаған малшы қауымы ғана. Өйткені, төрт түлік малдың төрт мезгілдегі машақаты бір сәтке де кідірмейді. Қазақ өнері мен ғылымының атасы да – малшылар. Тосын сөз секілді көрінді ме? Академиялық білімі жоқ, обсерваторияның не екенін білмейтін малшылар аспан әлемінің сырын ұқты. Көңілі малда, көзі көкте болды. Себебі, ол шаруа жайын уайымдады. Сондықтан азаннан қара кешке дейін мал соңында жүрген қазақ ауа райын гидрометеорологиялық дәлдікпен болжаған. Қыста түскен қарға, күз бен көктемнің жаңбырына қарап, жерасты суының қорын есептей алған, мұндай терең зерттеумен төрт түлікке жайлы өріс таңдау үшін ғана айналысқан.

Сб Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы».

Мына нәрселерге қалай танғалмайсыз: Жылқы қыста оқырынып, ерінін жыбырлатса, кешікпей күн жылынып, қар суын ішеді. Қотандағы кой бір бағытқа қарап жусаса, кешікпей ту сыртынан боран соғады. Ай қораланса, қыс қатты болады, күн қораланса, қар қалың түседі. Күн қызыл шапаққа оранып батса, ертеңіне ыстық болады. Ай шалкалап туса, ауа райы мал-жанға жайсыз тиеді. Қыста бұлт желге қарсы көшсе, көп кешікпей қар жауады. Бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райы күрт бұзылады. Кейде ләйлек деп аталатын дегелек құс келсе, жаз келді дей бер.

Қазекемнің мұндай зерттеу нәтижесі мың-сан және осы болжамдарға әдемі мақал-мәтелдері де еріп жүреді. Мысалы, күн мен айдың қоралануына қатысты «ай қораланса – ар-баңды сайла, күн қораланса – күрегіңді сайла» деген. Айдың

шалкалап тууына байланысты «өзіне жайлы, шаруаға жайсыз» дейді. «Дегелек келді, кемпір шешем қыз болды» дейтіні де бар. Ал, енді қойдың еті уыз, сүті бал, елтірісі алтын, жүні жібек дейтін аталарымыз бұл малдың сүтінен небір ас түрін жасап, терісі мен жүнінен тон да киген, үй де соққан. Қазір компьютерлік есептің өзімен әлі толық түсіне алмай жатқан тоғызқұмалақ ойыны қойшы бабаларымыздың ойлап тапқаны. Сіз сол бабаларымыздың тоғызқұмалақ ойыны арқылы аспан әлемінің сырын ашқанын естідіңіз бе? Мінекей, өнер мен ғылымның бүгінгі жетістіктерін мал баққан қазағым қаш-шан менгерген.

Біз осы әңгіме басында малшы машақаты дегенді тілге салдық. Сол сөзімнің қасына малшы рахаты дегенді де қосыңыз. Қаншалықты қиын бол-



Сурет Болат Омаралиевтікі

ғанымен, мал шаруашылығы соншалықты қызық һәм рахат тіршілік. Әр малдың өз мінезі бар, оларды жақсы көру керек. Мен атымен сырласатын, түйесімен тілдесетін талай малшыны көрдім. Малдағы сезімталдықты, қазіргі тілмен айтқанда, мал инстингін түсіну адамның көкірек көзін ашады екен. Мал баққан аталарымыздың аспан мен жердің сырына бойлай білуі де сол көкірек көзінің ашылуынан.

Енді әлгі рахат тіршілік дегенміз де осы арадан шығалы. Көкірек көзі ашылған адам дүниеауылдан жоғары тұрады. Ондай адам бейнеттің өзін рахат деп сезінеді. Малшы қауымы бастан өткеретін наурыз, сәуір айындағы төлдету науқа-

нының да өз рахаты бар. Жас төлдің даусын есту, қозы-лактардың асыр салғанын көру бақытының қандай болатынын малшы ғана біледі. Есенғали акынның мынадай бір өлеңі бар:

Иірілер шаруаның

ұршығы – мен,

Бұл науқанға әу баста

күлшынып ем.

Қошақандар тойып ап,

балықтардай,

Балтырымды түртеді

тұмсығымен.

– Неткен сұлу сурет десеңізші! Мал төлдету науқанының рахатын көзбен көріп қана сезесіз.

«Біз көмір туралы жазамыз, көмірші туралы жазбаймыз, қой туралы жазамыз, қойшы

туралы жазбаймыз» деген екен бір кезде Ғабит Мүсірепов. Сол үрдіс кейін сирексіді, бірақ, еңбек адамы кәсібінің тасасынан әлі де шыға алмай жүр. Біз, қалам ұстағандар, көбіне құрғақ мәлімет береміз, процентке шағып сөйлейміз, оқырман одан не түсінік алады?

Күннен бұрын тұрып, жұлдызбен бірге жататын малшы еңбегі кеңестік дәуірде мемлекеттенгерімінде болды, екінші тың деп бағаланды. Қазір малшылардың жеке фермер деген аты бар. Сондықтан ол кейбір жандарға өз нәпақасы үшін жұмыс істеп жүргендей сезіледі. Біз күллі халықтың қарнын тойдырып, қуанышын еселейтіндердің алдыңғы са-

пында малшылар қауымы жүретінін білуге тиіспіз.

Асылтұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялауға осы биыл жергілікті бюджеттен 2 432,1 млн теңге қаржы бөлініпті. Бүгінгі күнге 255 шаруашылыққа 880 млн теңге субсидия төленіпті.

Жеке-дара бір мысалды келтірейік.

Жаңақорғандық «Көбелдес» шаруа қожалығында 500 бас мүйізді ірі қара, 10 мың қой, 250 бас жылқы бар екен. Қазіргі уақытта шаруа қожалығы 274 аналық сиырдан 230 бұзау, 5300 бас аналық қойдан 5200 қозы, 380 биеден 165 құлын алып отыр екен, төлдеу науқанының әлі де аяғына жетпегенін еске алсақ, бұл мәліметтің еселене түсетіні белгілі.

Осы жағдайларды білгіміз келгенде облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сейілбек Нұрымбетов: «Орын алған төтенше жағдайға қарамастан, аймағымыздың ауыл шаруашылығы саласы, оның ішінде мал шаруашылығы саласының тауар-өндірушілері шаруаларын өз деңгейінде дөңгелентіп отыр» деп қанағат сезіммен жауап берді. Біз қуандық. «Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз» демекші, ауыл аман болсын, елдің ернін аққа тигізетін еңбекшілеріміз аман болсын. Бір өкініштісі, малшыны емес, малды жазып, солардың өз ортасына бара алмағанымыз. Сөйтіп, мақаламыз малды ауылдың рахат өмірінің інісін сезіну орнына оларға оң айтумен шектелді.

● ПАРЫЗ

ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛЕР ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСТІ

Саптағы сарбаздай дайын тұрған азаматтар бүгінде халық қамы үшін қалтықсыз қызметке кіріскен. Әуелгі лекпен 40 азамат шақыртылып, олар Қызылорда қаласындағы ішкі тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуде. Облыс әкімінің қаулысына өзгерістер енгізілген соң, олардың ізін ала тағы 96 азамат шақыртылды. Міндеттілер өз еркімен біріккен іске атсалысуда.

– Кейінгі лекпен келгендердің 24-і Шиелі ауданында, тағы 24-і Қазалы ауданында, қалған 48-і Қызылорда қаласында міндеттерін орындауда. Аудандар шақыртылғандарды

ішкі тәртіп пен блок-бекеттерге жұмылдыруда. Ал Қызылорда қаласындағы әскери міндеттілер ішкі тәртіптің сақталуына үлес қосып жатыр. Екі әскери міндеттінің жанына бір полиция

қызметкері бекітілген, яғни, Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасымен бірлесіп, патрульдік жұмыстарға жіберілді, – дейді облыс әкімінің қауіпсіздік және қорғаныс мәселесі жөніндегі көмекшісі Ғалымжан Тасжанов.

Айта кетейік, әскери жиынға шақырту алғандардың барлығы – өз еркімен келген 25-35 жас аралығындағы азаматтар. Қазір олар ішкі тәртіпке, яғни, індет көп тараған аумақтардың қорғанысына жауап береді. Ал, блок-бекеттерге 66/597 әскери бөлімі жауапты.

– Аудандардағы және облыс орталығындағы әскери міндеттілердің жай-күйін жіті бақылап отырмыз. Олардың тасымалы, барлық қажетті киім-кешектермен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі және үш мезгіл тамақтануы – біздің жауапкершілігімізде. Сақтық шаралары басты назарда. Олар талапқа сай болуы керек, – дейді облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасына қарасты жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығының басшысы Ерлан Бисенбаев.

Қазалы ауданында әскери міндеттілерден 24 азамат іріктеліп, арнайы әскери жиынға шақырылды. Бұл азаматтардың негізгі міндеті – төтенше жағдай кезінде қауіпсіздік шараларын қатаң сақталуын қадағалап, тұрғындарды тәртіпке шақыру.

Әскери жиынға шақырылғандармен жүздескен аудан әкімі Мұрат Ергешбаев осындай сындарлы сәтте көмекке келген азаматтарға алғысын айтып, кеселден сақтанып жүру керектігін ескертті.

Арнаулы әскери жиынға шақырылғандар уәкелілік полиция инспекторларымен бірге Қазалы қаласы мен Әйтеке би кентінде қоғамдық тәртіпті сақтауға атсалысатын болады. Шақырылғандар киім-кешекпен, ыстық тамақпен және басқа да материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етіліп, жұмыс орны мен жалақысы сақталады. Ал жұмыс істемейтіндерге ең төменгі жалақы төленеді.

«СБ» ақпарат.

